

**Б. ӘБДІКӘРІМҰЛЫ
Қ.А. САРБАСОВА**



Педагогикасы

ПЕДАГОГИКАСЫ

Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. Ж.Баласағұни педагогикасы: Оқу құралы . – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 124 бет.

Оқу құралында Ж.Баласағұнидің педагогикалық мұрасына қатысты материалдар бірнеше тақырыптарға бөлініп қарастырылады. Сонымен қатар әрбір тақырыптың соңында бақылау сұрақтары, тапсырмалар және қолдануға ұсынылатын әдебиеттер беріледі. Өзін-өзі тексеруге тест сұрақтары, өз бетімен білімді жетілдіруге және ғылыми шығармашылықты дамытуға бағытталған реферат тақырыптары мен шығармашылық тапсырмалар ұсынылады.

Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттарға, сондай-ақ жалпы педагогика ғылымы саласының мамандарына арналған.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының

докторы, профессор Г.Ж.Меңлібекова;

педагогика ғылымдарының

докторы, профессор С.Т.Каргин

ISBN 9965-604-81-9

**© Әбдікәрімұлы Б.,
Сарбасова Қ. А.,
2008**

**Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми-
әдістемелік Кеңесі ұсынған**

**Әбдікәрімұлы Болат
Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы**

Ж.Баласағұни педагогикасы

(оқу құралы)

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік деңгейде болып жатқан саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік қайта құрулар әрбір елдің өз халқының рухани мұрасы мен мәдениетін қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ұмтылысын айқын аңғартып отыр. Этностық қайта өрлеу ХХІ ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының негізгі белгісі ретінде қарастырылады. Ынтымақтастық пен басқа халықтардың мәдениетіне құрмет жоғары деңгейге қойылған әлемде халықтың үйлесімді, әрі бейбіт дамуына мүмкіндік мол. Сондықтан әр халықтың тарихындағы рухани құндылықтарды ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің жалпыадамзаттық игілігіне айналдыру басты міндет болып табылады.

Қазақ халқының тарихында жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі қашанда ең басты орынға қойылған. Өз халқының өркендеуі үшін жас ұрпақтың білімді, тәрбиелі болуын негізгі мақсат деп таныған ғұламалардың бірі ретінде ХІ ғасырда өмір сүрген түркі данасы, ойшыл-ақын Жүсіп Баласағұниді ерекше атауға болады. Ж.Баласағұнидің бізге қалдырған асыл мұрасы – түркі тілінде жазылған 13 мың жолдық «Құтты білік» дастаны. Бұл - саясат, өнеге, тәрбие, еңбек жөнінде толғанысқа құрылған, тәрбиелік мәні мен маңызы зор, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын дәріптейтін философиялық және педагогикалық туынды. Қазіргі кезде философтар, әдебиеттанушы ғалымдар және педагогика саласының мамандары бұл еңбектің қоғамда мәдени мұра ретінде алатын орнын және тұлғаны қалыптастырудағы ролін ашып көрсетіп, оның теориялық және практикалық құндылығын дәлелдеп отыр. Мұның өзі

Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясының педагогиканың философиядан бөлініп шығуы мен оның ғылыми жүйеге енуіндегі практикалық мәнін ашып көрсету, ұрпақ тәрбиесі туралы тұжырымдамалық идеяларының негіздерін айқындау, әлемдік педагогикамен үндестігі мен сабақтастығын анықтау, бүгінгі таңдағы педагогика теориясы мен практикасында алатын орнын бөліп көрсету, оларды білім беру жүйесінде қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдар дайындау сияқты мәселелердің шешімін табу қажеттілігін анықтайды. Ұлттық педагогиканың адамзаттық өркениет құбылыстарымен терең байланыстылығы, ол үрдісті өз мәнінде зерделеу егеменді еліміздің жалпыадамзаттық даму жолындағы үлесін айқындап, рухани өсудің болашақ белестерін саралап көрсетеді. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің өзі сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен рухани даму үрдісінің үздіксіз желісін үзбей келе жатқан бастау бұлақ, педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылады.

Ұсынылып отырған оқу құралында Ж.Баласағұнидің өмірі туралы қысқаша мағлұмат беріледі, оның тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі күндегі педагогика ғылымының теорияларымен байланыста қарастырылып, ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығы ашып көрсетіледі.

Оқу құралы тек студенттерге ғана емес, мектеп мұғалімдеріне және ғылым тарихымен әуестенуші барша оқырманға да пайдалы болады деп сенеміз.

Тақырып 1. Кеменгер ойшыл Ж.Баласағұнидің өмірі мен оның Отаны - Баласағұн қаласы туралы

XI ғасырда өмір сүрген түркі данасы, ойшыл-ақын Жүсіп Баласағұнидің туған жылын зерттеуші ғалымдар шамамен 1015 жылы деп анықтайды. Мұны ғұламаның атын тарихта қалдырып, мәңгілік еткен «Құтты білікті» көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған жазушы, түркітанушы ғалым А.Егеубаевтың мағлұматтары нақтылай түседі: «Қазір бүкіл шығыс зерттеуші ғалымдарының назарын күн санап өзіне аудара түскен «Құтадғу білік» 1069-1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы: Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тарихқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Құзорда деп те аталған) туып, өскен Жүсіп Баласағұн. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахматидің Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұн қаласында бастап, Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін жоғары бағалап, «Хас Хажыб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған» [1. Б.6]. Дегенмен, кейбір ғалымдар ғұламаны 1018 жылы туды деп те болжайды. Мәселен, түріктің филолог ғалымы А.Дильчар: «Ж.Баласағұни біздің эрамыздың 1018 жылы шамасында туып, 1068 жылы Қашғарға аттанды да, сол жерде 18 айдың ішінде дастанды жазады және келесі - 1069 жылы оны «Шығыс пен Қытай патшасы» Табғаш Боғраханға немесе «хандардың Ханы табғаш-Қара-Боғра-ханға» әкеледі, толық

ат-жөні мен лауазымы: Табғаш-Боғра-Қара-хақан Әбу Әли Хасан, Сүлейменнің, Арслан-Қара-хақанның ұлы (біздің эрамыздың 1056-1103 жылдары билік құрған)» - деп жазады [2.Б.23].

Ж.Баласағұнның туған жері Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің орталығы ретінде аты әлемге әйгілі болған ортағасырлық ірі қала Баласағұн екендігі тарихтан белгілі. Қазақстандық белгілі тарихшы, этнолог және археолог-ғалым У.Х.Шәлекеновтың жүргізген бірнеше жылдық қомақты зерттеуі бойынша бүгінде Баласағұн қаласы «бізге жердің қойнауына түгелімен енген археологиялық ескерткіш түрінде жеткен. Бұл қаланың орны Жамбыл облысының Шу ауданы, бұрынғы «Калинин» колхозының (қазіргі Баласағұн ауылының) жерінде, Алматы-Тараз тас жолының бойында. Ол Шарғау, Ақсу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінің Шу өзеніне құятын төменгі ағыстарындағы тегістікке орналасқан» [3.Б.9]. Ғалымның пайымдауынша, Баласағұн қаласы V ғасырда пайда болып, XIII ғасырдың басында қираған. Ол өзінің «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты монографиясында Баласағұн қаласы туралы жазылған тарихи әдебиеттерді талдай отырып, оның тарих сахнасынан түсіп, аты да, орналасқан жері де бейтаныс болып қалуының себебі туралы мынадай тарихи дерек келтіреді: «1210 жылы Мұхаммед Хорезмшахпен Қарақытай (Қарақидан) мемлекетінің билеушісі Гурхан (астанасы Баласағұн) арасында Талас өзенінің жағасында, Тараз шаһарының қасында болған шайқаста, Хорезм билеушілігі жеңіске жетіп, Баласағұннан келген Гурхан жеңілген. Жеңіске жеткенмен Мұхаммед Хорезмшах Баласағұнға бармай, елдегі жағдайға байланысты Самарқандқа қайтып оралған.

Бұл жағдайдан кейін Гурхан қалған әскерлерімен өзінің астанасы Баласағұнға жеткен. Бірақ қала тұрғындары мықты бекініп, Гурханды қалаға жібермеген. Билеуші өзінің тұрғындарымен 16 күн соғысып, ақырында, қаланың батыс дарбазасын сындырып, қаланың тұрғындарын қанға батырып, Баласағұнды үш күн өртеуге жөндеттеріне бұйрық берген. Сол қырғынның нәтижесінде бас көтеретін қаланың азаматтарынан 47 мың адам өлтірілген және қала негізінен қираған. Тұрғындардың тірі қалғандары бас сауғалап жан-жаққа босып кеткен. Баласағұн қаңырап бүлінген күйінде қайта тұрғызылмай қала берген. Арада бір жыл өтпей-ақ, 1211 жылы Найманнан шыққан Кушлук (Кучлук) Гурханды тұтқынға алып, оның мемлекетін 1218 жылға дейін билеген. Осы жылы Баласағұнды Шыңғыс ханның қолбасшысы Жебе-ноян соғыссыз алып, оған «гобалық» (жақсы қала) деген ат берген. Соған қарағанда, монғолдар келгенде азып-тозып, тек атын әлі жоймаған қала күйінде сақталса керек. Сөйтіп, Баласағұн қаласы тарихи сахнадан түсіп, уақыттың өтуімен аты да, орналасқан жері де XIV ғасырда белгісіз болып, кейін жергілікті тұрғындар шаһардың ортасында сақталып қалған биік төбенің атымен Ақтөбе деп атап кете берген» [3.Б.53]. Сөйтіп, Шу өзенінің сол жағасында орналасқан, тарихта ортағасырлық Ақтөбе қаласы деген атпен белгілі ескерткішті терең зерттеу арқылы оның тарихи Баласағұн екендігі дәлелденді.

Ж.Баласағұнның шыққан тегі және ортасы туралы Х.Сүйіншәлиевтің келтірген мынадай дерегі бар: «Жүсіптің әкесі де өнер иесі, күйші-музыкант екен. Ол да Қарахан мемлекетінің қожасы Боғраханға (толық аты Табғач Бұғра Қарахан Әбу-Әлі Хасан) қызмет еткен. Ел аңызының айтуынша, ол Боғраханның аталарының бірі Хұсайын дегенге арнап, «Дәрди Хұсайын» («Құсайынның дерті»)

деген күй шығарған белгілі қобызшы болыпты. Жүсіп осы талантты өнерпаз әкесінің тәлімін алып өскен. Жасынан зерделілігімен көзге түсіп, сарай қожаларының көңілін аударған. Шығыс Түркістан, Қашқар, Баласағұн, Жетісу өлкелерін билеп тұрған Боғрахан (1012 ж. өлген) Жүсіптен зор үмітті боп, оны баулыған. Жүсіп кезіндегі атақты білім ордalarında болып, көп тілдерді үйреніп, тез жетілген. Әділет жолын іздеп, алас ұрған жігерлі жас әдебиет пен ғылым салаларын жете меңгерген. Жүсіп өз кезінің білімді адамы саналған. Ол жасынан оқып, түркі тілдеріне қоса парсы, араб, қытай тілдерін жақсы білген. Сол кез әдебиетінен, тарихынан, астрономиясынан, геометриясынан, тағы басқа ғылымдарынан мағлұмат алған» [4. Б.86].

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлы бабамыз Ж.Баласағұни шамамен қай жылдары өмір сүрген?
2. Ж.Баласағұнидің атақты дастаны «Құтадғу білік» қай жылдары жазылған?
3. Ж.Баласағұнидің Отаны Баласағұн қаласының тарихы туралы не білесіз?
4. Ж.Баласағұнидің шыққан тегі мен ортасы туралы не білесіз?

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұни Отаны – Баласағұн» тақырыбына баяндама дайындаңыз.

2. <http://www.peoples.r> сайтынан ұлы бабамыздың өміріне қатысты материалдарды жинақтаңыз.
3. Қазақстандық белгілі тарихшы, этнолог және археолог-ғалым У.Х.Шәлекеновтың жүргізген бірнеше жылдық қомақты зерттеуі бойынша Баласағұн қаласы туралы хабарлама дайындаңыз.
4. Ж.Баласағұнның туған жері Баласағұн қаласының тарихына байланысты фотоальбом дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Dilacar A. Kutadgu bilig incelemesi. – Ankara, 1972. – S. 23.
3. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.
4. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
5. Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласагуни и его поэма «Кутадгу билиг» - Советская тюркология. – 1970. - №4. - С.3-12.
6. Кляшторный С.Г. Эпоха «Кутадгу билиг». - Советская тюркология. -1970. - №4. - С.82-86.
7. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.

Тақырып 2. Ж.Баласағұнидің атақты еңбегі – «Құтты білік» дастаны

Бүгінгі таңда Ж.Баласағұнидің тәлімдік-тәрбиелік идеялары, олардың педагогикалық мәнділігі бірнеше зерттеулердің арқауы болып, тың нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр. Солардың ішінде оның «Құтты білік» атты педагогикалық еңбегін О.Альбертс, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, С.Е.Малов, О.Прицак, А.Мец, Р.Р.Арат, К.Кәрімов, С.М.Иванов, А.Н.Кононов, т.б. ғалымдар әдебиеттану, тіл білімі, тарих және философия ғылымдары ауқымында, аударма саласында салыстыра зерттеген.

«Құтты білік» еңбегінің жазылуының алғышарттары мен ғұлама өмір сүрген Қарахандар дәуірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өмірінің ерекшеліктерін А.В.Валитова, Е.Э.Бертельс, И.В.Стеблева, С.М.Мутталибов, О.К.Қараев, В.У.Махпиров, С.М.Моллаудов, Ю.М.Мухлисов, Э.Н.Наджип, М.С.Фомкин және т.б. өз зерттеулерінде қарастырады. Дастанды тарихи тұрғыдан сараптап, оның әдеби және лингвистикалық жақтарын қазақстандық әдебиетші ғалымдар Б.К.Кенжебаев, Қ.Ө.Өмірәлиев, Х.Ж.Сүйіншәлиев, Ә.Б.Дербісалиев, М.Ж.Жолдасбеков, Н.К.Келімбетов, М.М.Мырзахметов, А.Қ.Егеубаев, т.б. зерттеп, оның әдебиет теориясында алатын орнын ашып көрсетті. Сонымен бірге Жүсіп Баласағұнидің философиялық көзқарасы да арнайы зерттеу пәні болды (А.Х.Қасымжанов, Д.М.Мәжиденова, Ж.Т. Әміребаева, т.б.).

Бүгінгі таңда Ж.Баласағұнидің педагогикалық идеяларына теориялық негіздеме беріп, оларды жүйелі түрде талдауға А.К.Ахметова, Т.Ә.Ахметов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, А.Н.Көшербаева, К.Ж.Ибраева зерттеулері арналған.

Ғұламаның бізге қалдырған асыл мұрасы – түркі тілінде жазылған 13 мың жолдық «Құтты білік» дастаны. Бұл – сан ғасырлар сынынан өтіп, өзінің рухани баға жетпес құндылығымен иесінің (авторының) есімін аспан көгіндегі жарық жұлдыздай етіп, әлемдік мәдениеттің тарихына мәңгілік етіп жазып қалдырған көне түркі ғылымының ұлы ескерткіші, саясат, өнеге, тәрбие, еңбек жөнінде толғанысқа құрылған, тәрбиелік мәні мен маңызы зор, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын дәріптейтін философиялық және педагогикалық туынды. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны бойынша жүргізілген зерттеулердің барлығында оның бізге дейін сақталып келген үш нұсқасы бар екендігі айтылады. Академик В.В.Бартольд «Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии» атты атақты еңбегінде «Құтты білік бізге үш қолжазба түрінде жетті, біріншісі ұйғыр алфавитімен, 1439 жылы Гератта жазылған, және екеуі араб алфавитімен жазылған, оның біреуі –Египетте, екіншісі – Ферғанада табылған» - деп жазады [5.Б.103]. Бұл туралы А.Н.Кононов [6], А.Егеубаев [7], А.Н.Көшербаева [8], Т.Ә.Ахметов [9], Х.Сүйіншәлиев [4], О.А.Төребаев [10], т.б. зерттеулерінде де айтылады (Кесте 1).

«Құтты білік» дастаны бүгінде бірнеше әлем тілдеріне аударылып, халықтың рухани игілігіне айналып отыр. Алғашқы аударманы шығыстанушы ғалым Г.Вамбери неміс тілінде жасады (1870 ж.). Академик В.В.Радлов дастанның толық аудармасын жасауға өзінің 20 жылдық өмірін арнады.

Ол 1890 жылы Вена нұсқасы бойынша жұмысты бастап, 1897 жылы басып шығаруға кіріскен уақытында, Каир нұсқасы табылады да, жұмысты шамалы тоқтатуға тура келеді. Сөйтіп, 1900 жылы екі нұсқа бойынша неміс тілінде дастанды басып шығаруды бастап, оны толығымен 1910 жылы аяқтайды.

Кесте 1 – Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының түпнұсқаларына мазмұндық сипаттама

1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа
<p><i>Вена нұсқасы</i>, қазіргі оның табылған орны, немесе көшіріп алынған жеріне қарай <i>Герат нұсқасы</i>. 1439 жылы 17 маусымда көшіріп біткен, көшірушінің аты-жөні Хасан Қара Сейіл болу керек деген болжам бар, араб әрпімен жазылған жазбадан ұйғыр әрпімен көшірілген. Бұл нұсқа белгісіз себептермен Гераттан Тоқат қаласына (Түркия), сосын 1474 жылы Стамбулдан шығады. 1796 жылы елшілік қызметте жүріп, австрия ғалымы Иосиф фон Хаммер-Пургшаль (1774-1856) букинистен сатып алып, оны Венадағы Король кітапханасына тапсырады. Нұсқа ұқыпсыз көшірілген, сондықтан онда кейбір бәйіттер жоқ.</p>	<p><i>Каир (Мысыр) нұсқасы</i>, араб әрпімен жазылған, 1896 жылы Каирде Хидив (Кедивен) кітапханасының директоры, неміс ғалымы Б.Мориц тапқан. Қолжазбаның сапасы нашар, көптеген бәйіттер жоқ. «Құтты біліктің» Каир нұсқасының көшірмесін 1898 жылы В.В.Радлов Петербург Ғылым Академиясының Азия музейіне алдырған, ол қазір Ресей Ғылым Академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесінің қолжазбалар</p>	<p><i>Наманган (Ферғана) нұсқасы</i>, ең толық, жақсы сақталған қолжазба, араб әрпімен жазылған. Оны 1913 жылы Наманган қаласынан (Өзбекстан) Мұхаммедхожа ишан Лоләріш дегеннің жеке кітапханасынан А.-З.Валидов тапқан. Кейінірек, 1925 жылы өзбек ғалымы Фитрат қайта тауып алып, Ташкентте ол туралы қысқаша түсініктемелер жазады. Қазір Наманган нұсқасы Өзбекстан Ғылым Академиясының Шығыстану</p>

	көрында сактаулы.	институтында сактаулы.
--	-------------------	------------------------

Сонымен бірге дастан түрік (Р.Р.Арат, 1947 ж.), орыс (С.Е.Малов, 1929 ж.; Н.Н.Гребнев, 1963 ж., 1971 ж.; С.Н.Иванов, 1983 ж.), өзбек (К.Кәрімов, 1972 ж.), ұйғыр (бір топ аудармашылар, 1977) және қазақ (А.Егеубаев, 1986 ж.; Ә.Құрышжанұлы, 2004 ж.) тілдеріне аударылған.

Қазақ философиясының білгір маманы, профессор М.С.Орынбеков «Бұл шығармада сол кездегі қоғамның әлеуметтік шындығы көрініс тапқан. Сондықтан да нақты философиясы көзге ұрып тұр» [11.Б.132] десе, көрнекті философ А.Х.Қасымжанов ««Құтты білік» тек қана саяси трактат емес, ол сол ғасырдағы әртүрлі ғылым мен мемлекет салаларындағы дамуды да көрсетті. Бұл еңбек автордың өмірді көрсетудегі философиялық пайымдауының тереңдігін, адам құқының сол замандағы дамуын көрсетеді» - деген тұжырым жасай отырып, дастанның философиялық астарына үлкен мән береді [12.Б.34]. Татар ғалымы Р.М.Амирханов «Орта ғасырдағы (XIII-XVI ғғ.) түрік-татар философиялық ойлары» бойынша қомақты зерттеу жүргізе отырып, Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының философиялық тұстарын ашып көрсетеді: «Құтты біліктен» біз тек әлеуметтік-этикалық ғана емес, сонымен бірге орта ғасыр ойшылдарына тән көптеген философиялық (космологиялық, онтологиялық, гносеологиялық) мәселелерді де табамыз. Бұлар - Әлем, планета құрылысы мен құрамы, ақылдың материалдық негізі болып табылатын адам миының құрылысы, зайырлы және діни білімдер мен сенімдердің өзара қатынасы, өмірдің, өлімнің және мәңгілік тіршіліктің мәні және т.с.с. мәселелер. Ойшыл-рационалист Ж.Баласағұнидің философиялық ойларында Ақыл, оның табиғаты, қызметі, таным процесінің шексіздігі мен

саркылмайтындығы туралы мәселелер ерекше орын алады. Ақылдың, білімнің адам өміріндегі шешуші ролі дастанның атауынан-ақ көрініп тұр. Сондықтан оның түгелдей дерлік мазмұнының өн бойында ғұлама оқушыны «игіліктің барлығы – ғылымда, ал ұлылық - танымда» деген ойға жетелеп отырады» [13.Б.38]. Дастандағы әлем мен адамды танып-білуінің құралдары мен тәсілдері туралы айтатын болсақ, таным бастамасы - әділдік пен азаттыққа ұмтылу. Әділдікке жету жолындағы талпыныс әлем заңдылықтарын білуге жеткізетін болса, азаттыққа ұмтылу тұлғаның өзіндік санасын жетілдіреді. Маңызды танымдық принцип ретінде Жүсіп антикалық мәдениеттен келе жатқан ұғым – макро және микро ғарыштардың бірлігін қолданады. Адам мен әлемді бөлетін нақтылы шекара жоқ. Ғарыштың өзі субъект болып табылады. Тұлға ғарыштан өзінің жалғасын таба отырып, ол сонымен қатар өзінен дүниені табады. Олардың арасындағы үйлесімділікті Жүсіп дүниенің атрибутивтік қасиеті ретінде қабылдайды [10.Б.22]. Ғұлама Әлем құрылымын, адамдарға тән іс-әрекетті жеткізуде космогония мен космогониялық танымды қолдана отырып, адам өмірінің табиғат заңдылықтарымен біте қайнасқан бірлігін көрсете алады. «Құтты білік» шығармасының өзі Әлем мен дүниенің жаратылысын сипаттаудан басталатыны осының дәлелі:

Алла атымен айттым сөздің әлібін,
Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!
Құрметі көп, шүкіршілік мың да бір,
Еш зауал жоқ, хаққа лайық кіл қадір...
Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,
Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді.
Тіледі де, жаратты бар болмысты,

«Бол!» - деді де, бірден бәрін болғызды¹.

Бұл өлең жолдарында тәңір құдіреттілігінің бар болмысы – айды, күнді, жерді, көкті жаратқандығы баяндалып, тәңірдің сандық қатынастардан, кеңістік пен уақыттан тыс екендігі, көзден жырақ, бірақ көңілге жақындығы ескертіледі. Оның еш жерде тұрағы жоқ, ол мәңгі табиғаттың барлық құбылыстары тауы, орманы, көлі – бәрі құдіреттің жасампаздық әрекетінің ізі, суреті екенін айтады [14. Б.220]. Сөйтіп, Ж.Баласағұни адам мен әлем, табиғат заңдылықтары арасындағы өзара үйлесімділік мәселесін алға тартады. Дастанның негізгі түйіні адам, оның жетілген тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына әкеліп саяды. Сондықтан қазіргі кезде философтар, әдебиеттанушы ғалымдар және педагогика саласының мамандары бұл еңбектің қоғамда мәдени мұра ретінде алатын орнын және тұлғаны қалыптастырудағы ролін ашып көрсетіп, оның теориялық және практикалық құндылығын дәлелдеп отыр. Мұның өзі Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінің педагогика тарихында алатын орнына шынайы баға беру қажет екендігіне меңзейді. Оның педагогикалық теориясының қазақ педагогика ғылымының өзінің зерттеу пәні бар ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде қалыптасуының алғашқы көзі болғанын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде қолданылуының ғылыми тұжырымдамасын жасау ең басты мақсат болып табылады.

¹ Бәйіттердің барлығы Ж.Баласағұн Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б. кітабы бойынша беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдебиеттану, тіл білімі, тарих және философия ғылымдары ауқымында, аударма саласында Ж.Баласағұнидің шығармашылығын зерттеген ғалымдар кім?

2. «Құтты білік» еңбегінің жазылуының алғышарттары мен ғұлама өмір сүрген Қарахандар дәуірінің әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өмірінің ерекшеліктерін кімдер зерттеді?

3. «Құтты білік» еңбегін тарихи тұрғыдан сараптап, оның әдеби және лингвистикалық жақтарын зерттеген қазақстандық әдебиетші ғалымдарды атаңыз.

4. Ж.Баласағұнидің педагогикалық идеяларына теориялық негіздеме беріп, оларды жүйелі түрде талдауға арналған қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін атаңыз.

5. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының түпнұсқаларына мазмұндық сипаттама беріңіз.

6. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны қандай тілдерге аударылған?

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұнидің философиялық көзқарастары» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің әлем мен дүниенің жаратылысы туралы ой-пікірлері бойынша ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
3. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание», в книге Ю.Баласагунский «Благодатное знание/Изд. подг. [и с караханид-уйгур.пер.] С.Н.Иванов . – М.: Наука, 1983. – С.495-517.
4. Егеубаев А. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді // Баласағұн Ж. Құтадғу біліг. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б.7-8.
5. Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласагуни. - дисс. ... докт.пед.наук. – Алматы, 2004. – 272 с.
6. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
7. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (с древнейших времен по XII в.). – Алматы: ИРК, 1997. – 132 с.
8. Қасымжанов А.Х. Ұлы дала зиялылары. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 157 б.
9. Амирханов Р.М. Тюрко-татарская философская мысль средневековья (XIII-XVI вв.). – Казань: Изд.-во «Мастер-Лайн», 2001. – 262 с.
10. Шадинова Г. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы әлем үлгісінің ерекшеліктері. – Ізденіс - №2. – 2005. – Б.219-222.

Тақырып 3. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегі-қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі

«Құтты білік» еңбегі қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылады. Өйткені еңбектің негізгі идеясы педагогиканың ең маңызды мәселесі тәрбиеге негізделіп, оның мазмұнында педагогиканың жалпы негіздері, дидактика және тәрбие теориясының негізгі мәселелері, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене, құқықтық, т.б. тәрбие мазмұны қарастырылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан алып қарасақ, «Құтты білік» дастанының бүгінгі адамзат қоғамы үшін құндылығы мынада болып табылады:

- «Құтты білік» - халықтың құты, ырысы болған ілім;
- ұрпақтарға, адамға бақыт сыйлайтын, құт әкелетін білім;
- ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, адалдық дәстүрлерін бойына сіңіріп, жан-дүниесіне дарытатын тәрбие тұжырымдамасы.

Ғұламаның өзі «Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым – Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» дей отырып, дастанның әрбір адам үшін құндылығын аша түседі.

Академик А.Н.Кононовтың сөзімен айтсақ: «...дастанда қай заманда болмасын барлық халықтарды толғандырып келген жалпы адами идеялардың, ізгі мұраттар мен ойлардың өзіндік ерекше көркем де, аса айшықты бейнеленуі» [5.Б.7] оның адамды тәрбиелеу мәселесінде өміршеңдігін білдіреді. Сонымен бірге ол «Құтадғу біліктің» авторы өзінің дидактикалық мақсаттарына халық даналығын, түркі халықтарының ақындық ауыз әдебиетін,

мақалдарды, мәтелдерді, қанатты сөздер және тағы басқаларды кеңінен пайдаланады» - деп жазды. Мұның өзі еңбектің халық педагогикасымен тығыз байланыстылығын көрсетіп, онда нағыз түркі халқының бала тәрбиелеуде қолданған әдіс-тәсілдері мен құралдары негізге алынғанын дәлелдейді. «Құтты білік» тамырын тереңге жайған дидактикалық шығарма екендігі туралы А.Н.Кононов былай жазады: «Бұл жанр ертедегі египеттіктерде, үнділерде, арабтар мен парсыларда, ал бертін Ренессанс дәуірінде, яғни «Құтадғу біліктен» кейін бес ғасырдан соң европалықтарға белгілі болды» [5.Б.5]. Мұның өзі чехтың ұлы педагогы Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактика» атты еңбегі алты ғасырдан кейін XVII ғасырда жазылғанын, ал «Құтты білік» XI ғасырда жазылып, педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылатындығын нақтылайды. Себебі, Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында педагогика ғылымының барлық маңызды мәселелері қарастырылады. Ғұламаның еңбегінде педагогиканың негізгі ұғымдарының анықтамасы қазіргі педагогикадағыдай ғылыми тұрғыдан негізделмегенімен, дастанда оның тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша ой-пікірлері мен көзқарастары анық байқалады. Мысалы, Ж.Баласағұни өз еңбегінде педагогикаға ғылым ретінде анықтама бермейді, бірақ «Құтты білік» адам тәрбиесі туралы ғылымның негізін құрайтын еңбек екенін оқыған адам бірден түсінеді, яғни Ж.Баласағұни «педагогика» терминін қолданбағанымен, сол ғылымның мазмұнын баяндап тұрғанына ешкім күмән келтірмейді; Ж.Баласағұни тәрбиенің анықтамасын бермейді, бірақ оның ілімінен тәрбие деп оның басшы-ұстаздың тікелей басқаруымен арнайы ұйымдастырылған ортада тұлғаны қалыптастырудың мақсатқа бағытталған және ұйымдасқан процесін түсінгенін аңғаруға болады.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегінде тәрбиенің мақсатына ерекше мән беріледі. Еңбекте тәрбиенің түпкі мақсаты ретінде текті, парасатты адамды тәрбиелеу көзделеді. Мұның өзі қазіргі педагогикадағы тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеумен өзара үндесіп жатыр. Ғалым Т.Ә.Ахметов өз зерттеуінде Ж.Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеяларын тарихи-педагогикалық және аксиологиялық тұрғыдан талдап, дастандағы адами құндылықтар жүйесіндегі «Текті, парасатты, иманды кісі» бейнесін жасайды. Аталмыш бейнені ғалым былайша сипаттайды:

«Біріншіден, адамдар өмір сүретін қоғамның төрт тұғыры «Құтты білік» кейіпкерлерінің тағылымдық принциптеріне сәйкес болуы керек. Олар: әділ заң үстемдік еткен, құқықтық мемлекет; бақ-дәулеті дәуірлеген, ырыс-байлығы тасыған қоғам; қоғам мүшелерінің ақыл-парасаттылығының биік деңгейі; адамдардың қанағатшыл, ұстамды, барға риза болу өмір салтын ұстануы.

Екіншіден, бай, орта кедей болып бөлінген жалпы халықтың ұстаным бағдары тектілік, имандылық, парасаттылық және кісілік секілді рухани құндылықтар болуы керек.

Үшіншіден, адамның жан дүниесін байытатын ізгілік, аккөңілділік, мейірбандық, бауырмалдылық, ұяттылық, ар-ождан, отансүйгіштік, ерлік, адамгершілік қасиеттер мен күнделікті өмір сүру тәжірибесіне аса қажетті ақыл-ой, саналылық, оқу-білімге құштарлық, біліктілік, кәсіпкерлік, еңбексүйгіштік, қайраткерлік, сабырлылық секілді туа біткен және жүре сіңетін қасиеттерді дамыту.

Төртіншіден, ел басына әділ, текті, парасатты хан келіп, маңайына елдің патриоттары боларлық уәзірлер, бектер, әскербасылар, ғалымдар, ақындар секілді т.б. зиялыларды жинап, елдегі әлеуметтік топтың тілін тауып, мемлекет ішінде саяси-экономикалық тұрақтылық және қоғамдық келісім жағдайын орнату» [9.Б.77-78]. Сонымен бірге зерттеуде қоғамға қажетті, тәрбиенің негізгі мақсаты болып табылатын тұлғаның «текті, парасатты, иманды кісі» бейнесі деп алыну себебі ашып көрсетіледі: «текті сөзі – тұқым қуалаушылық, парасатты сөзі тәрбие және оқу-білім арқылы берілетін, ал иманды сөзі тәрбие арқылы іске асатын қасиеттер» [9. Б.79].

Қазақстандық зерттеуші ғалым Ә.Н.Көшербаева Ж.Баласағұнидің педагогикалық мұрасындағы ізгілендіру идеяларының дамуын зерттей отырып, оның теориялық-әдіснамалық негіздемесін жасады. Зерттеуде Ж.Баласағұни ұсынған тәрбие жүйесі беріледі. Осы жүйеге сәйкес тәрбиенің мақсаты бақытқа жету жолдарын көрсету, жетілген, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаны тәрбиелеу, азаматты тәрбиелеу болып табылады [8. Б.34].

X-XIV ғғ. Қазақстандағы тәлімдік ой-пікірлердің қалыптасуы мен дамуын зерттеген ғалым К.Ж.Ибраева «Құтты білік» еңбегінде тәрбиенің негізгі мақсаты ретінде халықтық педагогика арқылы толық адамды қалыптастыру екендігін ашып көрсетеді.

«Дастандағы құт-береке мен бақ – толық, жетілген адамның еншісі, халықтық педагогика мен психологияның мақсаты, анықтамасы, бастау бұлағы. Ақынның айтуынша, құттың кілті – кісінің ділі, тілі, қылығын бірдей қамтыған жан-жақты жетілуі мен кемелденуі. Діл мен тіл – сол кездегі түркі тектес халықтың нысанасы. Толық адам - өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл

адам. Ол – кісілікке жат қасиеттен әбден арылып, тазарған, ішкі рухани дүниесі, ділі, діні ағарып, періштелікке бет алған адам» [15. Б.57].

«Құтты білік» дастанында кейіпкерлердің символикалық сипаттары арқылы берілген төрт жетекші педагогикалық идеялардан өрбитін тағылымдық құндылықтар тәрбие мақсатына қол жеткізудің көзі болып табылады. Олар: әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы берілген бұлжымас әділ заң мен тура жол; патшаның уәзірі Айтолды бейнесімен берілген бақ-дәулет, ырыс-байлық; уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы берілген ақыл мен парасат; уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы берілген қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық.

Бақылау сұрақтары:

1. Ж.Баласағұнидің «Құтты білігі» тамырын тереңге жайған дидактикалық шығарма екендігі туралы А.Н.Кононов қандай пікір айтады?
2. Ж.Баласағұнидің «Құтты білігі» еңбегінде «Текті, парасатты, иманды кісі» бейнесі қалай сипатталады?
3. Ж.Баласағұнидің педагогикалық идеялары бойынша зерттеу жүргізген қандай қазақстандық ғалымдарды білесіз?
4. Ж.Баласағұнидің «Құтты білігі» еңбегінің педагогикалық негіздерін дәлелдеңіз.
5. «Құтты білік» дастанындағы кейіпкерлердің символикалық сипаттары қандай?

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұни іліміндегі педагогика ғылымының негізгі мәселелері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының адамзат қоғамы үшін құндылығына талдау жасаңыз.
3. Ж.Баласағұнидің жалпы педагогикалық идеялары туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
3. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
4. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
5. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
6. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.

Тақырып 4. Ж.Баласағұни тәрбие мақсаты туралы

Бүгінгі күндегі тәрбиенің нақты мақсаты - адамды қабілеті мен дарындылығына сүйене отырып, жан-жақты дамыту. Осы мақсатқа сәйкес мектепте әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, төмендегі міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- қоғамдық мораль талаптарына сай адамгершілікке тәрбиелеу;

- ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру: сұлулыққа, тазалыққа үйрету;

- адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу;

- жастар тәрбиесінде «бостандық», «теңдік», «демократия» деген үш ұғымның маңызын жете түсіндіру, мемлекеттік белгілерді сыйлау;

- мемлекет заңдарын білу және оған сый-құрметпен қарау, оны жүзеге асыруға дайын, ынталы болу, қоғамдық заң ережелерін бұзушыларға төзбестік білдіру, бұл жолда азаматтық жауапкершілік көрсету, адамгершілікке жат кеселдерге қарсы күресуді әрбір жастың күнделікті мінез-құлқына айналдыру;

- жастардың ішімдікке, есірткіге әуестенуіне жол бермей, салауатты өмір сүруге баулу.

Бұл міндеттерге жету құралы біріншіден, адамның мәдениеттің базалық негіздерін игеруі болып табылады. Осыдан келіп тәрбие мазмұнының негізгі ұғымы - жеке тұлғаның базалық мәдениеті туындайды: экономикалық мәдениет, еңбек мәдениеті, саяси, демократиялық,

құқықтық, адамгершілік, экологиялық, көркемдік, тағы басқа мәдениеттер;

- екіншіден, балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекеттері;

- үшіншіден, өзін-өзі анықтау. Тәрбие мазмұнының маңызды элементі - адамның өмірлік өзін-өзі анықтау мәдениеті. Өмірлік өз орнын табу кәсіптік, тіпті азаматтыққа қарағанда кең ұғым. Өзін-өзі анықтау мәдениеті адамды өз өмірі мен өз бақытының иесі (субъектісі) ретінде сипаттайды;

- төртіншіден, тәрбиенің тұлғалық бағыттылығы. Тәрбиенің негізгі орталығы - бағдарламалар, шаралар, формалар мен әдістер емес, адам болу керек, сондықтан адамның дара қабілеттері мен қызығушылықтарын, жауапкершілік сезімдерін, т.б. дамыту керек;

- бесіншіден, еріктік;

- алтыншыдан, ұжымдық бағыттылық.

Жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз ету үшін Ж.Баласағұнидің тұлға сипаттамасындағы төрт құрылымдық компоненттің болуы шарт:

- парасат (сөзбе-сөз сана, ақыл, ойлау қабілеті, даналық), бұл компонент тұлғаның когнитивтік құбыласын тудыра отырып, оның танымдық, санаткерлік іс-әрекетімен сай келеді;

- қанағат (сөзбе-сөз қанағаттанарлық, алғыс, өзінде бар азға да қанағат тұту, бірақ азға қанағат тұтып қалмай өз мақсатына жетуің керек, ол үшін біреудің ала жібін аттама), бұл тұлғаның рухани-адамгершілік құбыласын тудыра отырып, оның құндылық-бағыттылық іс-әрекетімен сай келеді;

- әділет (сөзбе-сөз әділеттілік, ақиқат: адамның әлеммен, табиғатпен, қоғаммен қарым-қатынасының ең

жоғарғы деңгейі), бұл тұлғаның әлеуметтік-нормативтік құбыласын тудыра отырып, оны коммуникативті реттеу іс-әрекетімен сәйкестендіреді;

- дәулет (сөзбе-сөз молшылық, жетістік, материалды байлықты білдіреді, әрине бұл жерде бірінші және негізгі байлық психикалық және физиологиялық денсаулықты білдіреді), бұл құрылымдық компонент тұлғаның психо-физиологиялық құбыласын тудыра отырып, оның эстетикалық, дене және тәжірибелік іс-әрекетімен сай келеді.

Тұлғаның үйлесімді дамуы осы төрт құрылымдық компоненттің өзара бір-бірімен тепе-теңдігінен көрінеді – «төрт құбыласы тең». Осы төрт құбыланың біреуі бұзылған жағдайда немесе олардың дамуында тепе-теңдіктің болмауынан тұлға тұтастығының үйлесімділігі болмайды. Ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұни тұлғаның осы қасиеттері ел басшылары мен халық батырларына, әмірлер мен падишахтарға тән болу керектігін көрсетеді. Бұл тәлімдік идеялар қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыру мақсатымен өзара байланысып, бүгінгі таңда да маңыздылығы артып отыр.

Осы тұжырымдама қазақ халық даналығындағы «сегіз қырлы бір сырлы» нақыл сөзімен байланысып төрт құбыланың (психо-физиологиялық, әлеуметтік-нормативтік, когнитивті, рухани-адамгершілік) қиылысуы мен ажырамастығын кесімдейтін тұлғаның сегіз қырын көрсетеді.

Қазіргі кезде педагогика ғылымында жетілген адамды тәрбиелеу мақсатын жүзеге асыру көкейкесті мәселе болып табылады. Қазақ этнопедагогикасын зерттеуші ғалым К.Ж.Қожахметова жетілген адам қазақ халқының түсінігіндегі «сегіз қырлы, бір сырлы адам» екендігін айта

келіп, ер жігіт пен қыз баланың бейнесін сомдайды [16. Б.169-171]. Осы бейнелердегі негізгі сипаттар Ж.Баласағұнидің «текті, парасатты адам» бейнесімен тікелей астасып жатыр. Мұның өзі бүгінгі қазақ педагогика ғылымының бастау бұлағы сонау көне замандағы Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясынан туындап отырғанын дәлелдейді.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында тәрбиенің практикалық мәнділігіне сәйкес мақсаты да көрсетілген. Адамды өмірде үш рольге – азамат, қоғам иесі, отбасы иесі ретінде тәрбиелеуге ерекше орын берілген.

Азамат ретінде адамға тән сапалар кісілік, тектілік, парасаттылық, жолдастық, достық, рухтылық, мәрттік, серілік, антқа беріктік, аманатқа адалдық сияқты қасиеттерді ұлағат етеді. Дастанның мазмұны азаматтың кісілік қадір-қасиетін, мән-мағынасын, қыр-сырын терең сипаттауға бағытталған. Мәселен:

«Ұрпағынның ұрпағына үлгі ет те –
Кісілікті кісілікпен құрметте!
Тірі кісі кісілігін асырсын;
Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол;
Кісілікке түсер содан ұлы жол;
Адамшылық жаса адамға, адам бол;
Адам атын мақтаныш қып адал бол!

Сонымен бірге дастанда адамның Отаны, туған жері, атамекені алдындағы перзенттік парызы дәріптеледі. Елдің бірлігін, мемлекеттің мызғымастығын, халықтың байлығын сақтап қалу үшін ғұлама жастарды еңбекқор болуға, отансүйгіштікке шақырады, ерлік, батырлық, намыскерлік, жауапкершілік сапаларын жоғары қояды.

Дастанда Ж.Баласағұни әр әлеуметтік топ иелеріне нақты, әрі жан-жақты сипаттама бере отырып,

әрқайсысының өз міндеттерін ашып көрсетеді. Мәселен, дастанда хан, бас уәзір, бектер, әскер басшылары, елшілерге тән сапалар беріліп, олардың қарапайым халықпен, басқа да кәсіп иелерімен қатынасы сипатталады.

«Құтты білік» еңбегінің тағы бір ерекшелігі отбасы тәрбиесінің қазіргі педагогикамен өзара үндесіп жатуы болып табылады. Ж.Баласағұни жігітке жар таңдауда айтқан ақылынан оның әйелдің отбасы иесі ретіндегі роліне аса мән бергенін байқауға болады:

«Сұлуды аңсап, сор қума.
Бай әйелден үміткер,
Құлы болып қалма, білікті ер.
Адамшылық сіңген асылды ал.
Ақниет, әдепті, пәк ұятты,
Ақылды әйел ізде сен».

Сонымен Ж.Баласағұнидің тәрбие мақсаты туралы идеялары қазіргі педагогикадағы тәрбиенің мақсатымен тікелей байланысып, бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоймай келе жатқандығы оның өміршеңдігін, үнемі ұрпақ тәрбиесінде жалғасын таба беретіндігін дәлелдейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Бүгінгі күндегі тәрбиенің нақты мақсаты не?
2. Жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз ету үшін Ж.Баласағұни тұлға сипаттамасында қандай төрт құрылымдық компоненттің болуы шарт деп көрсетеді?
3. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы тәрбиенің практикалық мәнділігіне сәйкес мақсатын көрсетіңіз.

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұни еңбегіндегі тәрбиенің мақсаты» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің адамды тәрбиелеу туралы ой-пікірлерінің қазіргі таңдағы тәрбиенің мақсаты тұрғысынан маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
3. «Ж.Баласағұнидің тәрбиелік тағылымдары» тақырыбына ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
5. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
6. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.

Тақырып 5. Ж.Баласағұни еңбегіндегі негізгі педагогикалық ұғымдар және ізгілендіру мәселесі

Дастанда педагогиканың «оқыту» және «білім беру» ұғымдарының да мәні ашып көрсетіледі. Мәселен, «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны туралы» баяндай отырып, оқыту мен білім берудің толық сипаттамасын береді:

Біліп айтқан сөз – білікті, саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.
Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өңбеді!
Көп сөйлеме, аз айт бір-ер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйірін...
Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өн болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға, көз болсын!
Біліксіздер өзі нағыз басырдың,
Білім үйрен, надан, көзің ашылсын!

Міне, осындай ғұламаның оқыту мен білім беру ұғымдарының педагогикалық мәні туралы ой-пікірлері дастан мазмұнының әрбір түйінінен байқалып тұрады.

«Құтты білік» дастанында қазіргі педагогикада көкейкесті болып табылатын «әлеуметтену» ұғымы да қарастырылған. Индивидтің тұлға және азамат ретінде дамуы үшін оның әлеуметтік ортадағы іс-әрекеті талап етіледі, яғни әлеуметтену дегеніміз – индивидтің қарым-қатынасы және іс-әрекеті барысында жүзеге асатын процесс және оның әлеуметтік тәжірибені игеруінің нәтижесі [17. Б.38]. Тұлғаның әлеуметтенуінің мәні қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін білім, құндылық жүйесін және мінез-құлық дағдыларын игеруі болып табылатыны белгілі. Бүгінгі таңда педагогиканың көтеріп отырған

көкейкесті мәселелерінің бірі де тұлғаны өзімен-өзі және әлеуметпен үйлесімде болатындай етіп дамыту екендігі анық. Бұл «Құтты білікте» де қарастырылып, ғұлама әлеуметтік институт ретінде отбасын және әлеуметтік топтарды (адамдар қауымын) алады. Отбасының тұлғаның әлеуметтенудегі ролін былай көрсетеді:

Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана,
Бәрі бізден – дұрыс па, әлде қата ма,
Атасы – мен, бетім әрі қарады,
Ұлым-шикі. Кімге телмең қағады?!
Қақым болса, сіңсе ісім халыққа
Өтеуіне – баламды оңға бағытта.
Қамқор боп, сал өнер-білім соңына,
Қонар құт боп білікті ел қолына.

Сонымен бірге Ж..Баласағұни әлеуметтік топтардың ықпалын да жоққа шығармайды. Ол бұл топты жақсылар мен жамандар деп бөледі де, олардың әрқайсысына сипаттама береді. Ғұламаның пайымдауынша, жақсы адамдардың, яғни «ізгілік жолын шындап тұтқандардың» өзі екі түрлі болады: бірі – анадан ізгі болып туғандар, ондай адамдар өмір бойы ізгілік қасиеттерінен айрылмай, қайырымды, жақсы адам болып, өмір сүреді; екіншісі - әлеуметтік ортаға, тәрбиеге байланысты өмір сүре келе жақсы атанған адамдар.

Жаман адамдар да екі түрлі болады. Біріншісі - дүниеге тумысынан оңбаған болып келгендер. Олардың түзелуі де, түзелмеуі де күмәнді. Өйткені, ондайлар: «Жаман болып туған мұның бірі де, Өле-өлгенше арылмас өз кірінен». Дүниені бүлдіретін, айналасындағылардың шырқын бұзып, әлек салатын имансыздар да осылар. Екіншісі — құбылмалы адамдар. Олар — ата-тегі өнегелі болғанымен, жаман қылықтарды тіршілікте бойына жұқтырғандар. Егер,

ондай адамдар ізгі адамдармен араласып, игі ниетте болса, тәрбиеге мойын ұсынуы мүмкін дегенді айтады ұлы ойшыл [9.Б.69]. Ж.Баласағұнидің бұл ой-пікірлерінен қазіргі педагогикадағы жеке тұлғаның қалыптасуы, оның дамуы және оған ықпал ететін тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта және тәрбие туралы мәселенің қозғалып тұрғаны анық байқалады.

Тұқым қуалаушылық - ата-анасынан ұрпақтарына қандай да бір белгілердің, ерекшеліктердің берілуі. Тұқым қуалаушылықты тарататындар—гендер (грек тілінен аударғанда- «туа біткен»), сондықтан оны зерттейтін ғылым генетика деп аталады.

Тұқым қуалаушылық қасиеттері:

- 1) сыртқы белгілері (денесі, шаштың түсі, т. б.)
- 2) жүйке жүйесінің ерекшеліктері, қан аурулары, ергежейлік, т.б.

Адам дамуының заңдылықтарын педагогикалық тұрғыдан зерттеу үш басты проблеманы - интеллектуалдық, арнайы және моралдық сапалардың тұқым қуалау арқылы берілуін қамтиды.

Адам әлеуметтік процесте ғана, яғни басқа адамдармен қарым-қатынас, өзара іс-әрекет барысында жеке тұлға болып қалыптасады. Адамның дамуы күрделі процесс, оған табиғи және әлеуметтік орта ықпал жасайды. Табиғи орта - бұл түрлі табиғат жағайларының адам тұрмысына, қызметіне ықпал жасауы. Әлеуметтік орта - жеке тұлғаның дамуына ықпал жасайтын қоғамдағы әлеуметтік қатынас, адамдар, олардың іс-әрекеттері. Сонымен бірге әлеуметтік орта ұғымына қоғамдық құрылым, өндірістік қатынастар жүйесі, өмірдің материалдық жағдайы, өндірістік және әлеуметтік процестердің жылжу сипаты, т.б. енеді (алыс орта). Адамға жақын орта - оның отбасы, туысқандары,

достары. Адамның дамуында отбасы үлкен роль атқарады, әсіресе адамгершілік және әлеуметтік сапалар балалық кезде қалыптасады. Ж.Баласағұни адамның бойындағы қабілеттер мен қасиеттер туралы мәселені ежелгі грек философиясынан белгілі нативизм және эмпиризм бағыттарын ұстана отырып, талдайды. Нативизм ағымы Сократ пен Платоннан бастау алады, онда идеялардың туа пайда бола алатындығы туралы көзқарас қалыптасқан, ал екінші бағыт – эмпиризм ежелгі материалистер Гераклит, Демокрит, Аристотельдің көзқарасын білдіріп, онда идеялардың туа пайда болатындығы жоққа шығарылып, «таза тақта» (Аристотель) деген теория дамытылады. Ж.Баласағұни негізінен аристотельдік эмпиризм теориясын ұстана отырып, демократиялық дүниетанымды білдіреді, яғни әрбір адам шыққан тегіне, жынысына және табына қарамастан, оқуға және білім алуға қабілетті деп есептейді:

Есті сөзді еске түйіп ал енді:

«Білген құлдан білікті жоқ әлемде!»

Әуелі - оқып, оны ойыңа өре біл,

Өзі-ақ келер сонсоң жазу өнері.

Надандықты құрта алмассың дәрімен,

Біліммен тек құтын қашыр әріден.

Ол білім туа бітпейді, білімге деген қабілет туа пайда бола дей отырып, өзінің эмпирикалық көзқарасын білдіреді: «Зерде берген білімге бой ұрсын деп, тірлігінде қайырымды іс қылсын деп». Сонымен бірге Ж.Баласағұни нативизмдік ұстанымды да қолдайды, ол құдайдың жаратуымен ізгі адамдардың туатынын мойындайды. Бұл таңқаларлық жағдай емес, өйткені эмпирикалық психология да, сенсуализм сияқты қарама-қарсы екі бағытта (материалистік және идеалистік) дами отырып, табиғаты жағынан метафизика аумағында қалды. Ж.Баласағұни жеке

тұлғаның қалыптасуында тұқым қуалаушылық пен әлеуметтік ортаның ықпалын көрсете отырғанымен, тәрбиенің жетекші ролін ерекше анықтайды:

Ұл-қыз кесір, болса ессіз, парықсыз,
«Өнегесі-ай әкенің!» - дер халықпыз...
Қатты тұтып, өсірсе ата баланы,
Өркені өсіп, бақ жұлдызы жанады.
Ұл-қызына үйрет білген білімді,
Қолына ұстат кеудеңдегі күніңді.
Сонда, ұл-қызың адамдықтан таймайды,
Көңілі – таза, көзі шоқтай жайнайды!

Сөйтіп, Ж.Баласағұни өз еңбегінде тәрбие, оқыту, білім беру, тұлғаның әлеуметтенуі, қалыптасуы мен дамуы сияқты педагогикалық ұғымдарды өзара тығыз байланыста қарастыра отырып, тәрбие мен оқыту теориясының белгілі бір ғылыми теориясын жасады.

Ж.Баласағұни педагогикасының құндылығы ондағы ізгілендіру идеяларының дамуымен байланысты. Оның негізіне адамның мүмкіншілігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік-бостандығын, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген мұрат жатады. Қазақстандық ғалым А.Н.Көшербаева «Құтты білік» дастанындағы ізгілендіру идеяларының негізгілерін былай бөліп көрсетеді:

- таным теориясының рационалдық дамуы;
- ғажайып ізгілік жүйесін жасау: әділдік, ақыл, дәулет, қанағат;
- жетілген тұлға тәрбиелеу;
- тұлға тәрбиелеудегі детерминанттарды есепке алу, санаткерлік сапаларды дамыту;

- мұрагерлік принципінң регламентациясы;
- ақиқат білімді қабылдаудың педагогикалық талаптарын бекіту [18. Б.54].

Ғұламаның ізгілендіру идеялары қазіргі педагогика ғылымының дамуында білім беруді ізгілендіру, басқару педагогикасы, ғылым мен тәжірибенің кіріктірілуі, құзыретті тұлғаны қалыптастыру, білім беру философиясы, білім берудегі құндылық қатынас, тұлғаға бағдарланған оқыту мәселелерін шешу тұрғысынан алғанда баға жетпес құндылығымен ерекшеленеді.

«Құтты білік» дастанында Ж.Баласағұни педагогикалық процеске қазіргі педагогикадай анықтама беріп, оның құрылымын көрсетпегенімен, еңбектің өн бойынан педагогикалық процестің оқушыны (тәрбиеленушіні) мәдениет байлығын игеруге және еңбек пен қоғамдық өмірге дайындауға бағытталған мұғалімнің (тәрбиешінің) басшылығымен іске асырылатын өзара бірлескен іс-әрекет ретіндегі мәні және оның құрылымы (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері, іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері, нәтижесі) айқын көрініп тұрады (Сурет 1).

Педагогикалық процестің диалектикасы оның өзара байланысында, үздіксіз дамуында, жылжымалығында және қарама-қайшылығында ашылады. Құбылыстар мен процестер арасындағы мәнді байланыс философияда заңдылық деп аталады. Педагогикалық процестің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясында педагогикалық процестің заңдылықтары да айқындалған:



Сурет - 1 – «Құтты біліктегі» педагогикалық процесс құрылымы

- текті, парасатты, ізгі, иманды адамды тәрбиелеу процесінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланысы;

- тәрбиенің, оқытудың, білім берудің және дамудың өзара байланысы;

- педагогикалық процестің екі жақты сипаты бар (тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара бірлескен іс-әрекеті);

- педагогикалық процестің мақсатқа бағытталуы қоғамның мақсатын білдіреді, яғни әлеуметтік тапсырыстан туындайды;

- тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігі басқарушының (ұстаздың) ойластырылған және ұйымдасқан іс-әрекетіне байланысты;

- тұлғаның жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу;

- тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі;


- тұлғаның әлеуметтенудегі қарым-қатынастың шешуші ролі.

«Құтты білік» еңбегінде педагогикалық процестің атқаратын қызметін және олардың өзара байланысын да көруге болады (Сурет 2).

Тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары оқыту мен тәрбие принциптерінде бейнеленетіні педагогика ғылымында анықталған. Принцип – латын сөзі, негізгі, бастапқы деген ұғымды білдіреді. Оқыту мен тәрбиеге қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін педагогикалық процестің принциптері деп атайды [89. Б.90]. Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясында тұтас педагогикалық процестің мынадай принциптерін бөліп көрсетуге болады:

- тәрбиелеу, оқыту, білім берудің мақсаттылық принципі;

- өмірмен байланыс принципі;



Сурет – 2 – Педагогикалық процестің қызметтері және олардың өзара байланысы

- табиғатқа сәйкестілік принципі;
- халықтық принцип;
- кісілік принципі;
- түсініктілік принципі;
- жүйелілік пен бірізділік принципі;
- тұлғаға бағыттылық принципі;
- құндылық бағдар принципі;
- этномәдени принципі.

Енді осы принциптердің дастандағы көрінісіне мазмұндық сипаттама берейік. Тәрбиелеу, оқыту, білім берудің мақсаттылық принципі дастанның негізгі идеясынан айқын көрініп тұрады. Тұлғаны тәрбиелеу ісінде мақсат-міндеттерді нақты ойластырып, анықтап алу қажеттілігін ғұлама өзінің негізгі ұстанымы деп біледі:

Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
 Білім білсе, әзиз тірлік өткерер!
 Ақыл күллі ісінді алып шығатын,
 Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

Мақсаттылық принципі ғұламаның мына ой-тұжырымдарынан да байқалады:

Ей, білімпаз, бір сөзім бар ойымда,

Парасат пен білімпаздық жайында.

Ақыл – ой шамшырағың түндегі,

Білімдарлық – жарық көзі күндегі, - деген жыр жолдары арқылы адамдарды білімге, үлкен парасаттылыққа шақырып, тек білім ғана адамға дұрыс жол көрсете алады деп, кейінгі ұрпаққа өсиет айтады. Сонымен бірге ақыл-ой өрісі білім бар жерде ғана өз мәнінде кеңейетінін ескертеді: «Ұстау керек ел-жұртыңды біліммен, білім жоқ па, ақылың да бүлінген...», «Білікті бек елді ақылмен ұстайды, білім жоқ па ақылыңды ел ұқпайды», «Білігі мол, ақыл-ой сай кісі, кішіге – ұлы, ал кедейі - бай кісі», «Ақылды сөз – асыл сөз, інжу-маржан секілді, ақылды ердің сөзің ұқ, оңға бұрып бетінді».

Халықтық принципті басшылыққа ала отырып, Ж.Баласағұни «Құтты білік» дастанындағы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды көрсете білді. Олардың ішінде айқын көрінетін жар тандау, отау тігу, қонақжайлылық, үлкен-кішіні сыйлау, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас, қыз тәрбиесі, т.б. салт-дәстүрлер ерекше орын алады. Бұл тақырыпты ашуда халық педагогикасының әдіс-тәсілдері: мақтау, сөгу, жаттықтыру, байқау, үйрету, әңгімелесу, т.б. анық көрінеді. «Құтты білік» дастанындағы кейіпкерлердің сұхбатынан әрбір нақты жағдайда тәрбие міндетін шешу үшін әдістердің ұтымды, үйлесімді таңдап ала білу керектігін байқауға болады [20. Б.23].

Тұлғалық принцип ғұламаның тұлғаларды дастанның өн бойында дәріптеп, құрметтеп отырауынан анық байқалады. Жүсіп Баласағұни адамзат тарихындағы жеке тұлғаның рөлін жақсы түсініп, дастанда Мұхаммед

пайғамбарды, оның сахабаларын, ортағасырлық түркілер тарихында болған тарихи тұлғаларды, өзінің кітабындағы төрт кейіпкерлерді жұртқа үлгі етеді. Дастанда «Бектікке лайық бек қандай болуы керек» деген тарауда өз бойына тектілік, парасат, ақыл, ержүректілік, білімділік, әділдік сияқты қасиеттерді жинақтаған адам ғана нағыз бек бола алатындығын айтады. Сондай бек қана «Жасай алар ізгілік пен ірілік, Заң, ұятты сақтай алар жүгініп! Осындай бек — болар халық көсемі!» [20. Б.51] дей отырып, тұлғаны жоғары құндылықтың иесі ретінде түсіну, мойындау, қабылдау негізінде оның бойында адамгершілік (мейірімділік, сыпайылық, адалдық, табандылық, еріктілік, белсенділік) сапаларды қалыптастыруды көздейді.

Бүкіл тәрбие ісі Ж.Баласағұни бойынша табиғатқа тән жалпы заңдылықтарға сәйкес болуға тиіс. Ол адамды табиғаттың бір бөлігі ретінде алып қарап, тәрбие ісін адамның табиғатына сәйкес, оның табиғи қабілеті мен қасиеттерін дамытуға бағыттап жүргізу қажеттілігін тұжырымдады. Осы талап оның педагогикалық ілімінде тәрбие мен білім берудің жалпы принципі ретінде айқындалды. Кейіннен Ж.Баласағұнидің анықтаған бұл тұжырымы педагогикада «табиғатқа сәйкестілік принципі» деп аталды. Ж.Баласағұни адам өзінің дамуында жалпы табиғатқа қатысты заңдарға тәуелді деп есептеді. Оны Айтолды бейнесін табиғатпен сәйкестендіруі жатады:

Айтолды айтты: - Дана кісі, атымды,
Қойған екен Айға меңзеп затымды...
«Бақ қонса адам, көңілі судай сарқырар,
Жаңа айдай толысар да, жарқырар.
Құт бір күндік, алды жар да, арты-бал,
Толар дәулет, толған айдай сарқылар!».

Табиғатқа сәйкестілік принципі ғұламаның тәрбие мен білім беру адамның жас ерекшеліктері мен даму сатыларына сәйкес болу керек деген ой-пікірінен де көрінеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ж.Баласағұни отбасының тұлғаның әлеуметтенудегі ролін қалай ашып көрсетеді?
2. Ж.Баласағұнидің ізгілендіру туралы негізгі ой-пікірлерін ашып көрсетіңіз?
3. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында «оқыту» ұғымының мәні қалай ашып көрсетілген?
4. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында «білім беру» ұғымының мәні қалай ашып көрсетілген?
5. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында «әлеуметтену» ұғымының мәні қалай ашып көрсетілген?
6. «Құтты біліктегі» педагогикалық процесс құрылымына сипаттама беріңіз.

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұни еңбегіндегі ізгілендіру мәселесі» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің жеке тұлғаның қалыптасуы, оның дамуы және оған ықпал ететін тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта және тәрбие туралы ой-пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. Ж.Баласағұнидің отбасы тәрбиесі туралы ой-пікірлерінен ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
3. Ибраева К.Ж. Развитие педагогической мысли в Казахстане (период средневековья). – Усть-Каменогорск, 2004. – 136 с.
4. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
5. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
6. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
7. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.
8. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.
9. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.

Тақырып 6. Ж.Баласағұни дидактикасы

Дастанда оқытудың теориялық негіздері (дидактика) сол уақыттың талабы тұрғысынан өте жоғары деңгейде айқындалған. Дидактиканың негізгі ұғымдары - білім, білік, дағды ұғымдарының мәні толық ашып көрсетілген (Кесте 1).

Кесте 1 – Ж.Баласағұнидің «білім, білік, дағды» ұғымдарына анықтамалары

<i>Білім</i>	«Білім – інжу, түбінде – анық, қойма сан»; «Ақыл, білім ең өз нәрсе, күшті нық, егер болса, істет, ұшып көкке шық»; «Ақылшырақ, қара түнді ашатын, білім-жарық, нұрын саған шашатын»; «Білім-байлық, азаймас һәм жоғалмас, еш қарақшы, ұрыға да тоңалмас!», т.б.
<i>Білік</i>	«Ақылды-ұлы, біл, білімді-білікті, екеуі ұлы етер, қонса, жігітті»; «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол білікті болады»; «Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы, білімді сөз-шырын, жанның құнары»; «білік мәнін біл, не дейді білген ер: білім білсең, бәле жүрмес іргеден», т.б.
<i>Дағды</i>	«Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді – талай түйін шешілді»; «Оқу-тоқу берер – білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасак»; «Біліп сөйлеп, біліммен бу тіліңді, ұғып іс қыл бастағы ақыл-піріңді», т.б.


Ж.Баласағұнидің еңбегінде дидактиканың көкейкесті мәселесі білім беру мазмұны да қарастырылады. Білім беру мазмұны арқылы жеке тұлғаны қалыптастырудағы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді меңгеруі мен жүйелі білім алуы, білік пен дағдының қалыптасуы, ақыл-ойы мен сезімінің дамуы, таным арқылы көзқарастарының қалыптасуы жүзеге асырылады. Ж.Баласағұни білім беру мазмұнын білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет, дүниеге және қоршаған адамдарға қатынас құрайтынын негіздеп, мұның өзі дүниенің бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін, мәдениетті қайта жаңғырту мен сақтауды, мәдениетті дамытуды, еңбекке, оның нәтижелеріне, адамдарға қатынасты қамтамасыз ететіндігін тұжырымдайды (Сурет 3).

Ж.Баласағұни өзінің педагогикалық ілімін тәрбие теориясы мен тәжірибесінде жинақталған құнды дүниелерге сүйеніп жасады. Оның педагогикалық ілімінің қайнар көздері мыналар болып табылады:

- көне түркілердің тәлім-тәрбиелік тәжірибелері және салт-дәстүрлері;
- халықтық педагогика;
- Шығыс (араб, парсы, т.б.) ғұламалары мен түркі ойшылдарының ғылыми еңбектері;
- ислам дінінің және тәңіршілдік наным-сенімдерінің қағидалары.

Ғұламаның көне түркілердің тәлім-тәрбиелік мұрасын өз ілімінің рухани бастауы етіп алғандығы туралы зерттеуші Т.Ә.Ахметов былай деп жазады: «Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігі» тасқа қашалған Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі (ҮІ-ҮІІ ғғ.) көне түріктердің алғашқы әдебиет үлгілерінің заңды жалғасы іспеттес. Ондағы «Күлтегін» ескерткішіндегі жазулар мен «Құтты білік»

арасындағы поэтикалық үндестік, рухани туыстық, тілдік және сөздік байланыс туралы мысалдарды көптеп келтіруге болады. «Тоныкөк» (Кіші жазу) және «Күлтегін» жырларында бірнеше қайтара айтылатын жер-су, тайпа аттары, «Өтүкен» секілді сөздер «Құтты білікте» де жиі-жиі қайталанып отырады: «Өтүкеннің бегі айтқан тебіреніп...» (2682-бәйіт).



Сурет 3 - Ж.Баласағұни еңбегіндегі білім беру мазмұны

Поэмада аталатын «Яғбу», «Ұмай», «Көктүрік» сияқты көптеген атаулардың түп-төркінін де Орхон-Енисей жазуларынан жолықтырамыз. Бұл айтылғандар көне Орхон-Енисей, Талас ескерткіштері (V-VII ғғ) мен «Құтты білік» (XI ғ.) арасында дәстүрі үзілмеген тұтас мәдени-әдеби кезең жатқандығын айғақтайды» [9. Б.28].

Ж.Баласағұнидің халықтық педагогиканың бай мұрасымен сусындап, оны өз еңбегінде пайдалануы, рухани бастау, қайнар көз етіп алуы ғасырлар сынынан өткен тәлім-тәрбиелік және танымдық мүмкіндіктері мол халық тәжірибесін оның жоғары бағалауы болып табылады. Белгілі әдебиет тарихын зерттеуші ғалым Х.Сүйіншалиев «Ғасырлар поэзиясы» атты еңбегінде Ж.Баласағұнидің халықтық педагогикадан нәр алғандығын былайша жеткізеді: ««Құтты білік» кітабының әр беті халықтың ең көне мұраларының бірі болып есептелінетін мақал-мәтелдерге, қанатты сөздерге, афоризмдерге толы» [21. Б.98]. «Құтты білік» еңбегінде халықтық педагогиканың негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, әдет-ғұрыптар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері және т.б жатады.

Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінен оның Шығыс ғұламалары Қайкаустың «Қабуснамасынан», Фирдоусидің «Шахнамасынан» және әл-Фарабидің, ибн-Синаның, Әбу-Райхан әл-Берунидің және т.б. еңбектерінен талай ғылым-білімнің негізін үйренгенін, тәлім-тәрбие алғанын, рухани тұрғыдан толысығанын байқауға болады. Шығыс педагогикасы тарихында аса бағалы педагогикалық туынды «Қабуснаманың» авторы – Қайкаус Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында мекендейтін Гилан ру-тайпасының ұсақ феодал семьясында (1021-1022 жылдарда) дүниеге

келеді. Ол 63 жасында «Қабуснаманы» өзінің ұлы Гиляншахқа арнап жазады. Өзінің қартайғанын баяндай келіп: «Менің дүниедегі жиып-терген ең қымбат асыл заттарым – саған арнап жазған осы үгіт-насихат кітабым», - дейді [22]. «Қабуснама» мың жасқа қарай қадам басқан мәңгі өлмес жәдігерліктер қатарында келер ұрпақтарға да өзінің тәлім-тәрбиелік мән-мағынасымен құнды дүние болып табылады, онда жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды көздейтін рухани-адамгершілік, иандылық, отбасы тәрбиесі және кәсіби білім беру бойынша тәлім-тәрбиелік идеялар жеткілікті. «Құтты білік» дастаны мен «Қабуснамада» мұрагерлік дәстүр, ата-ананы құрметтеу, дене мен тамақтану гигиенасы, отбасы тәрбиесі, шешендік өнерге баулу мен имандылыққа үйрету сияқты тағылымдық ой-пікірлер арасында рухани шығармашылық сабақтастық айқын көрініп тұрады.

Дастанда Шығыс ойшылдарының бірі Абулкосим Фирдоусидің (940-1025ж.ж.) құндылығы жоғары поэмасы «Шахнамадағы» Ануширван, Феридун, Рүстем, Афрасиаб сияқты кейіпкерлердің ерлік істері дәріптелініп, ғұлама өз жерлестерін солардан үлгі алуға шақырады. Сондай-ақ, дастан мазмұнында «Шахнама» поэмасына тікелей сілтемелер де жасалады: «Байқа Заххақ сорлы неге сорлады, Фаридун жолын қалай қолдап, ондады?», «Ұстап жасын қылышын да Қайдардың, Рүстемдей даңқпен жерді жайлармын», т.с.с. «Шахнама» сөзі «Патшалар кітабы» дегенді білдіреді. Поэмада Иранның елу мифологиялық және тарихи патшаларының ел басқаруы сөз болады, ол көлемі жағынан әртүрлі үш бөлімнен тұрады:

1) мифологиялық бөлім, онда Иранның алғашқы он ел басқарушысы туралы мәліметтер келтіріледі;

2) ерлік бөлім, онда негізінен Рүстемнің ерлік істері баяндалады;

3) тарихи бөлім, Иран-Сасанидтердің шынайы Шаханшахтарының әртүрлі кезеңдерде ел басқарулары суреттеледі.

«Шахнама» - адамгершілік қазынасы болып табылады, оның негізгі идеясы - қайырымдылық пен зұлымдық арасындағы күрес, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік, ол күрес, соғыс, қарақшылық, ерлік, батырлық және сүйіспеншілік туралы кітап қана емес, сонымен бірге өнеге, ақыл-кеңес, адамгершілікті насихаттау, этика мен мінез-құлықты тәрбиелеу бойынша таптырмайтын асыл мұра болып саналады [23]. «Шахнама» мен «Құтты білік» арасында ақыл мен парасат, ақылдылық пен парасаттылықтың тұлғаның адамгершілік сапасы ретіндегі мәні, жетілген тұлғаны қалыптастыру факторлары, отбасы тәрбиесі, патриотизм мәселелері бойынша педагогикалық ойларының өзара байланысы бар.

Ж.Баласағұнның моральдық-этикалық, психологиялық қағидалары ибн-Сина мен әл-Фараби ілімдерімен сабақтасып жатады. Өйткені аталмыш дастаннан да адамдарды тәрбиелеу – мемлекет көздейтін негізгі шаралардың бірі, зұлымдық барып тұрған әлеуметтік ауру, оны оқу-тәрбие арқылы ғана «емдеуге» болады. Адамдардың жақсы қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре білсе, қоғамды да, мемлекетті де жақсартуға болады дейтін ағартушылық идея аңғарылады [24].

Ғұламаның дүниетанымдық көзқарастарын ислам діні және отырықшы елдердің арасында осы дінге дейін таралған тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, манихей және христиан секілді әртүрлі діни наным-сенім белгілері құрайды. Осы діни ағымдардың арасынан «Құтты

біліктің» мазмұнынан анық байқалатын және сана-сезімге тікелей әсер ететін көріністер - тәңіршілдіктегі пұтқа табыну, шамандық наным-сенімдер. Адамның бақыты, өмірдің мәні, фәни дүниенің жалғандығы, бақи дүниенің баяндығы сияқты мұсылмандық ұғымдармен қатар жастық өмірдің қас-қағымда өтуі, кәрілік пен өлімнің ақиқаттығына қайғыру секілді шамандық сарындар Жүсіп Баласағұнидің дүниетанымынан айқын байқалады.

Сонымен ұлы ойшылдың дүниетанымында дүниеге пантеистикалық көзқарас қалыптасқан. Дастанда Құдай дүниені жаратушы бірінші себеп ретінде көрінеді. Оны ғұламаның «Алла атымен айттым сөздің әлібін, жарылқаған, жаратқан бір тәңірім» деген ой- тұжырымы дәлелдейді. Орта Азияның басқа перипатетиктері (Фараби, Беруни, Ибн Сина) сияқты Жүсіп те Алланың әмірімен пайда болған дүние өз бетімен тіршілік етіп, өз заңдылығымен дамиды деген тұжырымдаманы ұстанады. Дүниенің үлгісі және оның үйлесімді дамуы туралы айта отырып, ол ерекше қызығушылық тудыратын ой-пікірлерді білдіреді.

Жүсіптің әлемнің құрылысы туралы ілімінің Аристотель-Птолемей жүйелерімен көп ұқсастығы бар. Бірақ, өз дәуіріндегі жаратылыстану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, ғұлама өз осінің айналасында айналатын жердің шар тәріздес екендігі туралы тұжырымдаманы қолдайды. Ежелгі ойшылдардың дәстүрлерін жалғастыра отырып, Ж.Баласағұни қоршаған болмысты төрт материалдық денеден (жер, су, ауа және от) тұрады және олар жердегі тіршілік пен өмірдің негізі деп есептеді. Ол жер негізгі орынға ие бола отырып, төрт стихияның негізін құрайды деп білді. Ғұлама табиғат пен

қоғамның барлық құбылыстары дамиды және заңды түрде өзгереді деген тұжырым айтты.

Гносеология саласы бойынша ұлы ойшыл сананың шығу тегі мен мәні, адам өміріндегі ақыл мен білімнің ролі туралы құнды ой-пікірлерді ұсынды. Шығыс перипатетизм өкілдері сияқты, ол да рационалист ретінде ойларын танытып отырды. Ж.Баласағұни ақылды шығармашылық күш және материалдық дүниенің заттарын танып-білу құралы ретінде қарастырды. Оның тұжырымдамасы бойынша, ақыл адамды білім жарығымен нұрландырады. Дей тұрғанмен, ғұлама ақиқатты тануда сезімдік қабылдаудың ролін де жоққа шығармайды. Ойшылдың адамның санаткерлік іс-әрекетіндегі ақылдың ролі туралы мәселені өте орынды қойып отырғанын баса айтқан абзал.

Өзінің замандастарының назарын Ж.Баласағұни білімсіз таным болмайтындығына аударады: дүниені неғұрлым терең танып-білу үшін үнемі жүйелі түрде біліміңді толықтырып отыру қажеттігі мәселесін алға тартады. Ол адамның жануардан айырмашылығы оның ақылы мен білімінде екендігін көрсете отырып, даналық, оқу және білім адамды құрметтеу мен бағалаудың негізі, білім-басты байлық, онсыз адамның сөзі де, ақылы да жеміссіз деген ой түйіндейді. Ғұлама ағарту мен ғылымға сүйене отырып, қоғамдық өмір мен ел басқаруды жетілдіруге болатындығына терең сенім білдіреді [25].

Бақылау сұрақтары:

1. Ж.Баласағұни еңбегінде дидактиканың қандай ұғымдары қарастырылады?

2. Ж.Баласағұнидің оқыту туралы ой-пікірлерін анықтаңыз.
3. Ж.Баласағұнидің «білім» ұғымына берген анықтамасы қандай?
4. Ж.Баласағұнидің «білік» ұғымына берген анықтамасы қандай?
5. Ж.Баласағұнидің «дағды» ұғымына берген анықтамасы қандай?
6. Ж.Баласағұни еңбегінің қайнар көздерін атаңыз.
7. Ж.Баласағұни еңбегінде білім беру мазмұны мәселесі қалай ашып көрсетілген?
8. Ж.Баласағұни қандай дидактикалық принциптерді тұжырымдады?
9. Ж.Баласағұнидің педагогикалық мұрасында оқыту әдістеріне қандай орын берілген?

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұни еңбегіндегі дидактика мәселелері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің дидактиканың негізгі ұғымдарына қатысты ой-пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. Ж.Баласағұни еңбегіндегі білім беру мазмұны мәселесі бойынша ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.

2. Ибраева К.Ж. Развитие педагогической мысли в Казахстане (период средневековья). – Усть-Каменогорск, 2004. – 136 с.
3. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
4. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
5. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
6. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.
7. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.
8. Кайкаус. Қабуснама / Өзб. ауд. Т. Айнабеков.- Алматы: Балауса, 1992.- 160 б.
9. Раджабов М. Формирование нравственных качеств личности в «Шахнаме» Фирдоуси. - дисс.... канд.пед.наук. – Душанбе, 2004. – 178 с.
10. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
11. Нарынбаев А.И. «Благодатное знание» Юсуфа Баласағұни. - Газета «Содружество». - № 13-14, февраль 2004 г.
12. Сарбасова Қ.А. Орта ғасыр ғұламаларының еңбектеріндегі дидактика мәселелері. - Қарағанды университетінің хабаршысы. - 2007. - № 4 (48). - Б.87-93.

Тақырып 7. Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясы

Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясының негізі болып табылатын жетілген тұлғаны тәрбиелеу туралы ілімі оның қоғамдық-саяси көзқарастарынан рухани бастау алады, соның ішінде педагогикалық ой-пікірлері ерекше мәнге ие болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғұламаның педагогикасы ізгілендіруге бағытталған. Сонымен бірге онда мұсылмандық дін идеялары да басым екендігін ешқашан есте шығармауымыз керек. Өйткені мұсылман идеологиясының қайнар көзі болып саналатын Құран – бүкіл мұсылман қауымы үшін қасиетті де, мәңгілік кітап, ешқашан өзгермейтін «Алланың сөзі» ретінде аса құрметтеледі.

Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінің негізін дидактика құрайтынын жоғарыда айттық, өйткені «Құтты білік» атауының өзі айтып тұрғандай, оқу-білім мәселесіне арналған. Бірақ, Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінің ерекшелігі оның барлық дидактикасы жетілген тұлғаны тәрбиелеу, адамда адамдық ізгі қасиеттерді тәрбиелеу идеясына негізделеді. Ізгілікті (адами қасиеттерді) тәрбиелеуде Ж.Баласағұнидің ойынша жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыру басты роль атқарады, соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі өзара тең, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуге болады.

Адамда адами қасиеттерді тәрбиелеу туралы айтқанда, Ж.Баласағұни тәрбиенің төрт тұғырына сүйенеді: әділет, дәулет, парасат, қанағат. Зерттеуші А.Рыскиева аталмыш төрт тұғырдың диалектикалық тұрғыдан бірін-бірі өзара толықтырып отыратынын айта келіп, онсыз тұлғаны тәрбиелеудің мақсаты болып табылатын бақытқа жету

мүмкін еместігін көрсетеді: «Әділеттің ақ туы іспеттес Күнтуды (әділет) басты тұлға. Себебі, ізгілікті қоғамның мәңгілік арқауы әділеттік, ол - ана сүтімен сүйекке сіңетін қасиет. Ал ақыл да, дәулет те, қанағат та, сезім де туылғаннан емес жүре бітер қасиеттер және тұрақты болмайды, өзара қарама-қайшылықта болады. Мәселен, дәулет баянсыз, тұрақсыз түлеп, жанғырып тұрады. Ақыл адалға да, арамға да бітеді, қанағат жаңғырып тұрады. Олардың әрқайсысы жеке-дара алып қарағанда дүниеге тұтқа болмайды.

Әділет, бақ, ақыл мен қанағат диалектикалық бірлікте болған жағдайда ғана халықты бақытқа әкеледі» [26.Б.127]. Зерттеуші осы «төрт тұғырлық» өлшемдік қағиданың «Құтты біліктің» құрылымдық-мазмұндық негізіне арқау болғанын ерекше атап көрсетеді. Жалпы, Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясының мазмұнын көрсетуге болады (Сурет 4).

Қазіргі педагогикада оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен 1-ші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Ж.Баласағұнидің ілімінде адамның адамгершілік тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді, яғни адамгершілік тәрбиесі басты орынға ие. Ғұлама адамды адам ететін мынадай сапаларды бөліп көрсете отырып, олардың адамилық, адамгершілік мәніне тоқталады:



Сурет 4 - Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясы

1. Кісілік – адамгершіліктің негізгі тұтқасы, адамилықтың биік шыңында тұратын құнды қасиет, Адамды адам етіп құрметтеудің, бағалаудың белгісі ретіндегі сапалық көрсеткіш. Ғұлама кісілікке тән сипаттарды былай бөліп көрсетеді: тіл – адал сөйлеп, шындығын айту; әділет - әділдікті сақтау, ар-намысты қорғау; жомарттық – қайырымды, кеңпейілді, ақжүрек және қол кең болу; қайсарлық – елін-жерін қорғау, жаудан сақтану.

Ж.Баласағұни адамның бойындағы кісілік қасиетін жоғары қоя отырып, кісі ділі, тіні, негізі – кісілігімен ғана Адам деген құрметке ие екендігін ашып көрсетеді:

Кісі екенсің, тінің сенің – кісілік,
Кісілерге адамдық ет кешіріп...
Кісілікпен танытасың затыңды,
Кісілікпен шығарасың атыңды.
Кісілерді кісі еткен кісілік,
Кісілікпен аты шығар кісінің...
Кісі ізгісі – қайырымды кең кісі,
Ел сарасы, кісіліктің белгісі...

Әділдік – құт. Құт құрығы- кішілік.

Әділдіктің заты – тұнған кісілік.

Ғұламаның «кісіліктің» мәнін ашып көрсету бойынша айтқан даналық тағылымдары дастанның өн бойынан кездесіп отырады. Қазіргі жастарымыздың бойында кісілікті қалыптастыру ең маңызды мәселе болса, Ж.Баласағұнидің еңбегі - кісіліктің әліппесі ретінде баға жетпес құнды дүние.

2. Ізгілік. Ж.Баласағұнидің ілімі - ізгілік педагогикасының қайнар көзі, дастанда ізгіліктің сипаты, пайдасы толық ашып көрсетіледі. Ғұлама адам бойындағы ізгілік жақсы адамға тән екендігін айта отырып, жақсы адам мен жаман адамның өмірдегі мәніне салыстырмалы талдау

жасайды. Жақсы адамның ешқашан аты өшпейтінін, жаман адамның ешқашан аты аталмайтынын ескерте отырып, ізгі іс қай адамды болмасын (бекті де, құлды да) жақсылыққа апаратын жол, құрметке бөлейтін қасиет екендігін меңзейді:

Ізгілік пен жақсы қылық – амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады.
Сен ізгілік тілер болсаң; одан да,
Кел ізгілік қыл, сөзіңді доғар да.

Адам бойындағы ізгілік оның ізгі ниетінен, ізгі сөзінен және ізгі қылығынан көрінетінін ғұлама өте көрегендікпен тұжырымдаған. Ізгі ниет - адамды ізгілікке, адамгершілікке итермелейтін ішкі күш, алғашқы түрткі, сондықтан оны адам бойында қалыптастырудың маңызы зор:

Жақсы болса ердің ниет-құлығы,
Іс-тілегі түгел болар ғұмыры.
Ниеті оң – тек жақсылық табады,
Ниеттен-ақ жанға сауап алады.

Ғұлама ізгі сөз сөйлеген адамның шапағатқа бөленетінін, ізгі сөзі арқылы өзінің білімділігін, ақылдылығын, даналығын, кісілігін танытатынын айтады:

Кісі көркі – сөз, бұл сөздің түрі көп,
Ізгі сөзді ерді мақта, тілі өрт!...
Тілмен адам өң береді сөзіне,
Жақсы сөзбен нұр береді өңіне.

Ізгі қылық ізгі ниет пен ізгі сөздің іс жүзіндегі көрінісі, ол адамның мінез-құлқынан көрінеді. Ізгі қылық арқылы адам өзінің жақсылығын айналасындағы адамдарға күн нұрының шуағындай тарата алады, ай сәулесіндей көрсете біледі, жарқырап тұрған жұлдыздардай таныта алады:

Кісі әсілін танытады қылығы,
Ісі қандай – сондай тіні, құлығы.
Құлқы ізгінің қылығы да әдемі,

Оңбағандық – оңбас құлық әлегі!

3. Тектілік. Адам баласының адамгершілік қарым-қатынасындағы атаға, руға, ұлтқа бөліп, адамдық асыл сезімдерге жол бермей, күндестік, бақталастық, дүние таластықты тудыруға, әдепті бұзып, адамгершілікке қиянат көрсетіп, қылмыс жасау текті сыйламаудан, адамдық қасиеттерді қастерлемеуден туындайды [27.Б.43]. Ж.Баласағұни тектілікті тұқым қуалаушылық шеңберінен шығарып, адамгершілік асыл қасиет деңгейіне көтереді. Ол тектіліктің тұқым қуалау арқылы да адамның бойына тарайтынын жоққа шығармайды. Оны мына ой-пікірлері дәлелдейді:

Елік ойын мәтелдеді, балады:

«Текті ердің текті ұрпағы қалады!»...

Тегі жақсы болса, жақсы адам да

Жақсыларды құрмет тұтар әмәнда.

Ғұламаның данышпандығы тектілікті тәрбие арқылы қалыптастыруға болатын тұлғалық сапа ретінде анықтауы болып табылады. Оның негізгі мәні – «әкеңді сыйласаң, атаңды құрметтей білесің, бабаңды қастерлеп, бабаның өнегесін орындайсың да, еліңе елеулі, халқыңа қалаулы, бүкіл адам баласына лайықты әрекеті мен әдептілігі бар жан екендігіңді танытасың» деген ой-түйін:

Текті атаның баласы туыс іздейді,

Тексіз атаның баласы ұрыс іздейді.

Асыл болса кімнің ата-тегі егер,

Одан елге пайда тиер, сене бер!

Тәрбиенің жетекші роліне сүйене отырып, тек - адамдық қасиет, өйткені әрбір тұлғаның тегі – Адам, сондықтан оны тұлғаның бойында қалыптастыруға болады деген тұжырым жасайды:

Бектер сөзі тілді буып алмасын,

Текті сөздің тек әділін арнасын...
Ізгі іс істесең – текті тірлік сүргенің,
Жауыздығың - көрге тірі кіргенің.

4. Парасаттылық. Адамның данышпандығы, білімділігі, ақылдылығы, даналығы, терең ойшылдығы мен кемеңгерлігі оның парасаттылығын білдіреді. Ж.Баласағұни парасаттылықты жеке тұлғаның қадір-қасиетін, кісінің кемелділігін білдіретін жиынтық ұғым, адамның адамгершілік сапаларының бірден-бір өлшемі ретінде қарастырады. «Өгдүлмішті сонан соң сөзге қостым, Ақылы асқан жоқ одан өзге достым» дей отырып, Ақыл бейнесін уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы беріп, парасаттылықтың мәнін ашып көрсетеді. Тұлғаның бойында парасаттылық туа біткен ақыл-есті біліммен толықтыру нәтижесінде пайда болатындығы туралы ой-пікір айта отырып, оны дамыту үшін үнемі білім, өнер нәрімен сусындатып отыру, оқып-үйрену еңбегімен шұғылдану қажеттілігін ашып көрсетеді:

Туып оқу-тоқусыз, өмір бойы оқиды,
Дүние сырын ақылмен санасына тоқиды.
Анадан да шарана білімсіз боп туады,
Біліп, оқып, үйреніп дана жолын қуады.
Тек ақыл-ес табиғаттан бұйырар,
Ақыл-еске білім, өнер құйылар.

5. Әділдік. Әділдік ханның, әміршінің бейнесі арқылы суреттеліп, дастан мазмұнында де өлмейтін кейіпкерге айналғандығы бекер емес. Бұдан туатын ой — қай заманда болмасын әділдіксіз, әділ заңсыз, құқықтық тәрбиесіз ешқандай қоғам алға ілгерілемек емес. Ал педагогикалық процесс кезінде тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің арасында, тіпті, балалардың өзара қатынастары жағдайында әділеттілік қағидасының сақталмауы өскелең ұрпақ үшін зардабы үлкен құбылысқа

айналатындығы анық. Сондықтан, педагог-ақын әділдікті әлемдегі тіршіліктің көзі - Күнге теңеп: «Жарқыраған Күнді көр де, көр мені, Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені» — деп әділдіктің Күн сияқты қоғамдық өмірге нұрын шашып, адамдардың қарым-қатынасын сәулелендіріп тұратындығын айтып, ұлағатты педагогикалық ой түйеді [9. Б.43]. Ғұлама әділдіктің мағынасы туралықты, шыншылдықты, түзулікті білдіреді, одан таю, яғни әділдікке жатпайтын іс істеу қиянат жасау, жазықсыз жапа шектіру деп түсіндіреді. Сондықтан дастанда әділдік адамның ең асыл қасиеті, адамгершіліктің негізі деп саналады:

Елік айтты: - Біл, әділ жан бір шынар,
Тілі, ділі сөзіменен бір шығар.
Тысы-ішіне, іші-тысқа жарасып,
Туған жаннан кетпес шындық адасып...
Әділдік – құт. Құт құрығы-кішілік.
Әділдіктің заты – тұнған кісілік.

Сонымен бірге Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінде адамгершіліктің асыл сапалары, негізгі өлшемдері болып табылатын қайырымдылық, кішіпейілділік, жомарттық, әдептілік, сыпайылық, сабырлылық, инабаттылық, имандылық, достық, жолдастық сияқты қасиеттердің мән-мағынасы айқындалып, оларды дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы тұлғаның бойында қалыптастыруға болатындығы айтылады. Ғұламаның ойынша, тұлғаның рухани дамуы оның бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің бірін-бірі жоққа шығаруы арқасында мүмкін болады. Мәселен, надандықты парасаттылық, күншілдікті достық, жауыздықты қайырымдылық, сараңдықты жомарттық жойып, адамгершілігі мол, рухани дүниесі бай жетілген тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ж..Баласағұнидің педагогикалық ілімінде ақыл-ой тәрбиесіне де ерекше орын беріледі. Ғұламаның пікірінше, адамда туғанда танып-білуге деген қабілет (ынта) болады:

Туғаннан-ақ білімге ынта болмаса,

Оқу іздеп қиналмаңдар онда аса...

Осы ынтаны оятып, әрі қарай дамыту үшін, яғни ақыл-ой тәрбиесін іске асыру үшін адамның бойында қандай сапалар болу керектігін Ж.Баласағұни өз еңбегінде көрсетіп берген, мұнда да ол төрт тұғырға сүйенеді: біріншісі – ақыл, екіншісі – ерік, үшіншісі - әрекет, төртіншісі – сөз. Осы төрт тұғырдың адам денесінде алатын орны бар: ми, жүрек, қол және тіл. Ғұлама дастанда ақыл-ой тәрбиесін берудің педагогикалық жүйесін данышпандықпен көрсете біледі. Бұл қазіргі ұстаздар қауымы үшін құндылығы жоғары тәрбие технологиясы болып табылады. Біз Ж.Баласағұнидің ақыл-ой тәрбиесінің жүйесін былай көрсетеміз (Кесте 2):

Кесте 2 – Ж.Баласағұни іліміндегі ақыл-ой тәрбиесі

Төрт тұғыр	Көздері	Мән-мағынасы
Ақыл	Ми	Ақыл тұрар қатпарында миынның - Баста бәрі – қимас асыл сиыңның. Ақыл-ес хақтың берген еншісі, Білім-кенге түскен мидың елшісі.
Ерік	Жүрек	Ақыл керек ерге жаһан бастауға, Ақыл, жүрек керек елді ұстауға. Жүрегі жоқ тасбауыр жан, соқыр нақ, Жүрек жоқта, ақыл байғұс, ақымақ!

Әрекет	Қол	Қол ұмсынып, білім іздеп терледім, Сөзді сөзге өріп, тізіп зерледім! Түркі сөзін үркек тағы киіктей, Қолға үйретіп, қамап, ерік бермедім! Ақылды адам, көр, қартайса – қайғырар, Ақыл кетті дер, қаламы қайрылар.
Сөз	Тіл	«Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» Ақыл, білім, тілмашы – тіл, бұл кепіл, Жарық төгіп, елжіретер тіл деп біл! Есті сөзді еске түйіп ал енді: «Білген құлдан білікті жоқ әлемде»

Сонымен Ж.Баласағұни адамға табиғат арқылы алғашқы нышандар мен қабілет көздері берілетінін, оны әрі қарай тәрбиелеу арқылы дамыта отырып, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған жетілген тұлғаны қалыптастыруға болатындығы туралы ой тұжырымдайды. Мұның өзі ғұламаны ақыл-ой тәрбиесі теориясының негізін салушы деген қорытындыға әкеледі. Бұл теорияны ғұламаның ақыл-ой тәрбиесін беруді ерте жастан бастау керектігі туралы ой-пікірлері толықтыра түседі:

Бала білім жолын қусын десеңіз,
Бесігінде-ақ ілім шоғын көсеңіз...
Балалық шақ ілім қуып, тоналар,
Жылдар салып береке боп оралар...

Сәбиінде көкірекке түйгені
Өлгенінше санасында жүреді!

Ғұламаның бұл ой-пікірлерінен оның педагогикалық психология ілімінің де негізін салушы екендігін аңғаруға болады. Ғұлама ақыл-ой тәрбиесінің нәтижесі болып табылатын білімнің ролін, білім арқылы қалыптастын білімділік, ақылдылық, парасаттылық сияқты тұлғалық сапалардың мәнін ашып көрсете отырып, оқытудың тәрбиелік бағыттылығын ашып көрсетеді. Оны ғұламаның мына ой-пікірлері дәлелдейді:

Бар жақсылық ақылменен келеді,
Кісі ақылмен аты мәшһүр, келелі.
Екеуінде адамдықтың белгісі,
Ақыл, білім адастырмас, ей кісі!
Малдан адам айырмасы ақылда!
Малда ми бар – жоқ қой ақыл, мақұлда!
Ақыл жайлы ақылды сөз, қараңыз,
Оқып, көріп, ой алдым деп санаңыз:
«Кісілердің кісілігі-ақылда,
Білім болса, адам дана, батыр да!
Малға айналма, ұста білім, ақылды,
Танытатын білім, адам, затыңды!».

Ж.Баласағұни эстетикалық тәрбие беру бойынша да маңызды, құндылығы шексіз ойлар айтады. Әрине, ол еш жерде эстетикалық тәрбие жетілген тұлғаны тәрбиелеудің құрамдас бөлігі деп ашып көрсетпейді, дегенмен оның тұтас педагогикалық ілімі тәрбенің осы жағына нұсқау беріп отырады. Мұның өзі Ж.Баласағұни тәрбие туралы айта отырып, тұлғаның эстетикалық тұрғыдан жетілуін оның бір саласы ретінде қарастырғанын аңғартады. Ғұлама адамның жан-дүниесінің сұлулығына терең үңіле отырып, оның адамдық қасиет ретіндегі мәніне ерекше ден қояды:

Нұрлы кімнің сырт бітімі, түсі де,
Сондай нұрлы болар сұлу іші де!
«Нұрлы жүзден көзің шоқтай жанады,
Сұлулықтың кәусәрына қанады.
Құттың көркін байқап көріп, түй ішке,
Ісің оңды болар, тілмен тиіспе!..».

Ғұлама эстетикалық тәрбиенің танымдық мәнін де жете түсініп, өнерді тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігін қалыптастыратын бірден-бір құрал ретінде анықтайды:

Түрлі өнерді біліп алса шетінен,
Парасаттың нұры ойнар бетінен.
Өнерімен кісі елден бөлінер,
Өнерің асса самғап көктен көрінер!

Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінде еңбек тәрбиесіне де басты орын беріледі. Ғұламаның дастанда тұжырымдаған негізгі ой-пікірлері еңбектің тіршілік көзі екендігіне әкеліп саяды. Ұлы ойшыл еңбек - өмірдің негізі, ал адал еңбек ету адамның басты міндеті, қалтықсыз адал еңбек еткен адам ғана халқының алдында мерейі үстем болып, құрметке бөленетіндігін дәріптейді:

Істің көркі – адалдық, ақылдылық,
Қақпамды бақ, өзіме жақын жүріп.
Менен – мерей болады, еңбек – сенен,
Еңбек болса, құт есік ашар, сенем!

Ж.Баласағұни әрбір қызметкерлерге тән кәсіби сапаларды бөліп көрсете отырып, еңбекті тұлғаның адамгершілік тұрғыда жетілуін бағалаудың басты өлшемі ретінде анықтайды. Сондықтан ол адам өміріндегі еңбектің ролі мен маңызын көрсете отырып, әр адамның бойында еңбексүйгіштікті, еңбекті құрметтеуді тәрбиелеу, еңбек мәдениетін қалыптастыру мәселелерін де қарастырады.

Ғұламаның еңбегінде құқықтық тәрбие мәселесі де көтеріледі. Қазіргі педагогикада құқықтық тәрбиенің жүйесі құқықтық сананың құрылымы (құқықтық сауаттылық, адамгершілік-құқықтық және саяси сезімдер, құқықтық ойлау) туралы ғылыми түсініктер арқылы анықталады. Құқықтық тәрбиенің мақсаты құқықтық мемлекеттің азаматын қалыптастыру, оның бойында құқықтық мәдениетті тәрбиелеу болып табылады. Ж.Баласағұни құқықтың реттеушілік, тәрбиелік және қорғау қызметін бөліп көрсетеді. Заңды тура орындау, заңды бұзбау, қызметті заңға негіздеп жүргізу, дау-дамайды заңмен шешу идеясы «Құтты білікте» ерекше назарда болады. Ғұлама заңдар адамдар мүддесіне сәйкес әділетті болсын деген қағиданы ұстанады:

Тағы бірі, халыққа әділ заң бергей,
Бір-біріне күштімсітпей, теңгерей!
Біріншіден, қадірленіп жарлығын,
Не де болса, тез тындырсын барлығын.
Екіншісі, қазына хақын жемесін,
Ей, қолы ашық, дәл уағында төленсін.

Ж.Баласағұнидің бұл ой-пікірлерінен оның құқықтың қасиетті сапаларын, оның қоғамды реттеуші қызметін жете түсінгені байқалады. Ғұлама әрбір адамның міндеті заңды, құқықты қорғау екендігін баса айта отырып, саясаттың заңға бағыныштылығын қолдайды. Мемлекеттің ең белсенді тетіктері саясат, билік және заң өзара тәуелді байланыста қызмет еткенде ғана құқықтың халықты қорғайтынына баса назар аудара отырып, бектер халыққа қызмет етуі тиіс, билік халықтың қолдауымен ғана күшті деген ой-пікір айшықталады [28]. Ғұламаның ілімінде құқықтың демократиялық құқықтық мемлекетте адам тәртібінің негізі - оның белсенді және саналы түрде адамгершілік пен құқық

нормаларын орындауы болып табылады деген тәрбиелік қызметі ерекше айқындалады:

Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,

Кесем әділ, болмайды еш келісім.

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,

Заң бар жерде – берік елдің жұлыны.

Ислам дінінің тәрбиелік мәні зор қағидаларын пайдалана отырып, Ж.Баласағұни имандылық тәрбиесіне ден қояды. «Құтты білікті» Құранның бірінші Фатиха (Беташар) сүресінің сөздерімен бастауының өзі ғұламаның иманды адам болғанын, сондықтан жастарды имандылыққа баулуды мақсат етіп отырғанын аңғартады. «Қазақ халқының жалпы ұлттық қасиетті ұғымына айналған имандылық сөзінің түп төркіні мен ілкі бастауының да мұсылман дінімен тоқайласып жататындығы белгілі. Иман ұғымы әуел баста Құран арқылы адамдардың санасына сіңсе де, уақыт өте келе халықтың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрімен, таным-түсінігімен, наным-сенімімен біте қайнасып, жаңа бір сапалық деңгейге көтерілген ұғым. Халық түсінігіндегі иман сөзі діни шеңберден шығып, жалпы ұлттық, бүкіл адамзаттық құндылықтарды қамтитын ауқымды дүниетанымдық категорияны білдіреді. Қазіргі педагогика ғылымында имандылық тәрбие туралы мәселе көтеріліп жатқанымен оның теориялық негіздемелері әлі қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан, имандылық тәрбиесінің теориялық негіздерін жасап, жас ұрпақгы имандылыққа баулудың практикалық жолдарын анықтау - ғылыми педагогикалық жұртшылық үшін күн тәртібіндегі күрделі мәселелердің бірі» [9.Б.58] деген зерттеуші Т.Ә.Ахметовтың пікірімен келісе отырып, Ж.Баласағұнидің имандылық тәрбие беру теориясының негізін салушы екендігін ерекше атап өткен. Ғұлама жаратушы ұлы тәңір-Алланың

күдіреттілігін дәріптей отырып, әр адамға күш-қуат беретін сенімді қалыптастыруды көздейді. Күдіретті Мұхаммед пайғамбардың бойындағы адами ізгі қасиеттерді саралай отырып, әр адамды паймғабарды үлгі тұтуға, оның ізгі істері мен өнегелі сөздерін күнделікті өмірде ұстануға шақырады. Имандылықты адамның жан-дүниесін, болмыс-бітімін бейнелейтін адамгершілік ізгі қасиет ретінде қарастыра отырып, оны тұлға жетілуінің сапалық көрсеткіші ретінде анықтайды:

Ұлы Хажыб шыншыл болсын баладай,
Дінді білсін, дана болсын бабадай.
Дінді білсін. Дық түсірмей көңілге,
Көңілі ақтың – ісі де ақ өмірде.

Ж.Баласағұни ілімінде отбасы тәрбиесінің мазмұны, жүйесі және технологиясы толық ашып көрсетіледі, ол қазіргі педагогикадағы «өмір бойы тәрбиелеу тұжырымдамасымен» толық үндестік табады. Еңбекте отбасы тәрбиесі халықтық педагогикаға негізделеді, ғұлама халықтың ғасырлар бойы жинақталған бала тәрбиелеудегі тәжірибесін, дәстүрін және бай мұрасын (халық шығармашылығын) пайдалана отырып, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеудің жолын көрсетеді. Зерттеуші Т.Ә.Ахметов Ж.Баласағұнидің отбасы тәрбиесі бойынша ой-пікірлерін мынадай бағыттарда қарастырады: отбасы – мемлекеттің бір бөлшегі; отбасының беріктігі - мемлекет беріктігі; әке мен шешенің ұрпақ алдындағы борышы; ұл мен қыз баланы тәрбиелеу ерекшеліктері; тәрбиенің әдіс-тәсілдері; мамандар мен өнегелі тәлімгерлердің аса қажеттілігі; этностық өзіндік салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні; тәрбие ісінде бүкіл адамзаттық құндылықтарды пайдалану мәселесі [9. Б.81]. Ал татар ғалымы Л.Ф.Иванова «Құтты біліктегі» отбасы тәрбиесінің мазмұнын мына мәселелер төңірегінде

айқындайды: отбасы тәрбиесінің маңызы; әйел мен ер адамның қоғамдағы, отбасындағы ролі; ана мен әкенің алғашқы табиғи тәрбиешілер ретіндегі жауапкершілігі; отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас [29]. Аталмыш зерттеулерде аталған бағыттар бойынша Ж.Баласағұни еңбегіндегі отбасы тәрбиесі мәселесі толық, әрі жан-жақты қарастырылады. Ғалымдардың жасаған қорытындылары ғұламаның отбасы теориясын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздегенін дәлелдейді.

Ж.Баласағұнидің педагогикалық теориясын терең оқып-үйрене отырып, оның педагогика ғылымының шыңында тұруға лайықты ғұлама екендігіне көз жеткіздік. Ғұламаның адамзат қоғамы алдындағы маңызды үлесі - тұлғаны тәрбиелеу теориясы мен тәжірибесі бойынша барлық құндылықтарды игере отырып, ізгілендіру идеясына негізделген педагогикалық ілімді жасауы. Педагогика ғылымының қайнар көзі болып табылатын оның ілімі өзі өмір сүрген қоғам үшін де, қазіргі қоғам үшін де, болашақ үшін де өміршең, ешқашан құндылығын жоймайтын, аса бағалы еңбек болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ж.Баласағұни тәрбие теориясының мәні неде?
2. Ж.Баласағұнидің еңбегіндегі тәрбиенің мазмұнын ашып көрсетіңіз?
3. Ж.Баласағұнидің тұжырымдаған тәрбие принциптері қандай?
4. Ж.Баласағұни қандай тәрбие әдістерін бөліп көрсетті?

5. Ж.Баласағұнидің адамгершілік тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
6. Ж.Баласағұнидің эстетикалық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
7. Ж.Баласағұнидің еңбек тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
8. Ж.Баласағұнидің ақыл-ой тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
9. Ж.Баласағұнидің құқықтық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
10. Ж.Баласағұнидің имандылық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
11. Ж.Баласағұнидің отбасы тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.

Тапсырмалар:

1. «Ж.Баласағұнидің «Құтты білік дастанындағы» тәрбиенің мазмұны» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Ж.Баласағұнидің құқықтық тәрбие туралы пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. Ж.Баласағұнидің еңбектеріндегі тәрбиенің төрт тұғыры туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

13. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.

14. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
15. Ибраева К.Ж. Развитие педагогической мысли в Казахстане (период средневековья). – Усть-Каменогорск, 2004. – 136 с.
16. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
17. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.
18. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
19. Қалиев С. Көне жазба мұралар тағылымы (IX ғ.-XIV ғ. аралығы). – Ұлағат. – 2005. - №2. – Б.43-54.
20. Сарбасова Қ.А. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің тарихи-педагогикалық мәні. - Қазіргі кезеңдегі тұлғаның үйлесімді дамуына қатысты өзекті мәселелер: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: ҚазМАТУ баспаханасы, 2007. – Б.32-35.
21. Рыскиева А. Қазақ филологиясындағы танымдық ойлар // Восток-Запад: диалог культур. Материалы III Межд. симпозиума. Алматы, КазГУ им. Аль-Фараби, 25-27 октября, 2001 г., Часть II. Алматы, 2001, 301 с.
22. Арғымбаев Д. Жүсіп Баласағұн құқықтық мемлекет туралы. – Саясат. - №2. – 2006. – Б.23-25.

Тақырып 8. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларының сабақтастығы

Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаев педагогика тарихында ұлы тұлға, кемеңгер ойшыл, ғұлама ұстаз екені, «Құтты білік» дастаны мен Абайдың таңдаулы педагогикалық туындылары арқылы әлемдік педагогиканың озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны шынайы ақиқат екендігі баршамызға мәлім.

Екі ғұламаның адамды тәрбиелеу, қоғам үшін қажетті тұлғаны қалыптастыру туралы педагогикалық мәні зор ой тұжырымдары бір-бірімен байланысып, қанша ғасыр өтсе де, қоғамның жаңа тарихи даму жағдайында жаңа белес тұрғысынан қарастырылып, ерекше маңызға ие болып отыр. Мұның өзі Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәңгі өшпес мұра қалдырып, олардың жылдар өткен сайын құндылығы арта беретінін дәлелдейді.

Адам бойындағы адамгершілік қасиеттер, мінез-құлық ерекшеліктері мәселесі педагогика ғылымының мәңгілік мәселесі екендігін, оның әрқашан жаңғырып, жаңаша сипат ала отырып, жалғастық тауып өрістеп, дами беретінін ескерсек, Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаев шығармашылығы кейінгі дәуірлердің, соның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге себін тигізе алатынын мойындауымыз қажет. Сондықтан ұлы ғұламалар еңбектері өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, олар заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұралар болып табылады.

Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларын табыстыратын басты мәселе – тұлғаның жетілуі

түрінде танылатын кісілік кемелділік. Екі ғұлама ойының сабақтастығы адамгершіліктің жүйесін жасаумен, адами құндылықтарды айқындаумен, тұлғаның жетілуі мен кісілік кемелденудің мәнін ашумен ерекшеленеді.

Педагогика ғылымында адамгершілік қоғамның, өмірдің объективті заңдылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге негіз болып табылатын, талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді бейнелейтін моральдық қасиет ретінде анықталады. Ол адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы арқылы сипатталады (әдептілік, мейірімділік, қайырымдылық, инабаттылық, қарапайымдылық т.б.).

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында және А.Құнанбаевтың шығармаларында адам баласының бойындағы әділеттілік, мейірімділік, имандылық, рақымдылық, жомарттық тәрізді тұлғаның адамгершілік қасиеттері басты орынға қойылған. Екі ғұлама да ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында ізгі қасиеттер қалыптасқан толық, жетілген адам бейнесін сомдап, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерді саралайды.

Толық, жетілген адамның қадір-қасиеті ең алдымен, біліммен, ақылмен өлшенеді. Бұл туралы Ж.Баласағұни:

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.
Кімге құдай берсе, білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды! – деп ой тұжырымдайды (1).

Ғұламаның даналық тұжырымдары ұлы Абайдың ой-санасымен үндестік тауып, былайша сабақтасады:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз (30).

Ғылым-білімді уағыздаған ұлағаты мол ұлы ойшылдардың ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы парасаттылықтың белгісі болып табылады. Дүниенің сырын ұғып-білуде, өмірдің мәнін танып-түсінуде білім мен ақылдың мүмкіндігінің шексіздігін дәріптейді.

Ж.Баласағұни мен Абай үшін толық адам барлық адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген ақылды, қайратты ер жүрек тұлғасы ретінде көрінеді. Ж.Баласағұни толық, жетілген адамдарға қажетті сапаларды саралай отырып, оларды бойға сіңіру кемелділік дәрежесіне жету деп біледі:

Ерге керек төзімділік, күш-қайрат,
Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап.
Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті.
Ақыл керек, білім таңдап аларға,
Білім керек, іске жақсы қарарға.
Жарамды мен жарамсызды көрерге,
Керектіні-керексізден бөлерге.
Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе, өз керегін анықтап.
Сонда *толық* болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп.
Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді.

Абайдың педагогикалық ұстанымы Ж.Баласағұнимен ұштаса отырып, ақыл, қайрат, жүректің бірлігі адамдық қасиеттің кемелденуі екендігі нақтылана түседі:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда *толық* боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Адамға ең қажетті ізгі қасиеттің биік тұғыры сабырлылық болып табылады. Сабырлылық Ж.Баласағұни мен Абайда адамгершіліктің маңызды сапасы ретінде ерекше мәнге ие болып, адами құндылық тұрғысынан қарастырылады. Мәселен, Ж.Баласағұни «Сабыр – ақыл-парасаттың белгісі» десе, Абай «Сабыр түбі – сары алтын» деп баға береді.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында кісіліктің, парасаттылықтың адам болмысын жақсартатын күш екені, бүкіл қоғам болмысы тұлғаның осы бір ішкі әлемінің сұлулығынан туындап, жалғасатын тірек екендігі айқын көрінеді. Шығармада адами қалыпты сақтаудың жолы ұят пен әділет, оларға қарама-қарсы адамды кісіліктен ажырататын арсыздық, мақтану, жамандық, сарандық, еріншектік екендігі нақты мысалдармен сипатталады.

Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!
Күйіп-пісіп, өзінді отқа құлатпа!
Қай істе де жоғалтпағын сабырды,
Ұстамдылық үйірет мал бағыңды,
Тіліңді тый, қарай жүргін көзіңе
Нәпсіңді тый, құлқының – жұт өзіңе.

Ұлы Абай «Сап, сап, көңілім, сап көңілім!» дей отырып, сабырсыздық арсыздықтың белгісі екендігін ескертеді:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,

Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан, ала ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.

«Құтты білік» дастанында кейіпкерлердің символикалық сипаттары арқылы берілген төрт жетекші педагогикалық идеялардан өрбитін тағылымдық құндылықтар адам болудың негізі болып табылады. Олар: әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы берілген бұлжымас әділ заң мен тура жол; патшаның уәзірі Айтолды бейнесімен берілген бақ-дәулет, ырыс-байлық; уәзірдің баласы Ғдүлміш арқылы берілген ақыл мен парасат; уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы берілген қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық.

Ж.Баласағұни Күнтуды Елік патша арқылы әділдіктің сипаттамасын бере отырып, әділдік, адалдық адамдықтың белгісі екендігін дәріптейді:

Ұлым ба, әлде жақыным ба, алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па, әлде таныс па?
Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, болмайды еш келісім...
Бектік берік - әділ заңның жөнімен,
Бұра тұртсаң абыройың төгілер.

Бұл тағылымы мол тәлімдік ой-пікірлерден әділдік, адалдық бар жерде адамның ар-ожданы таза, абыройы биік, мәртебесі жоғары болатындығы туралы қорытынды жасауға болады:

Әділдік – құт. Құт құрығы-кішілік.
Әділдіктің заты - тұнған кішілік (1).

Абай әділдікті ең жоғарғы моральдық қағида ретінде ұстанып, өз шығармаларының негізгі арқауы етіп алған:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз

Біте қалса қазаққа,

Алдың – жалын, артың – мұз,

Барар едің қай жаққа?- дейді «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде. Сол арқылы ұлы Абай әділеттілік болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп ой түйеді. Міне, осыдан екі ғұламаның ойы бір жерде түйісетінін байқауға болады. Екі ғұламаның да педагогикалық идеясының негізгі өзегі - әділеттің мерейін үстем ету. Ж.Баласағұни әділетті бек сипатындағы Күнтуды Еліктің бейнесі ретінде көрсетіп, көпті түзеу, жолға салу бектің ісі, сондықтан әділетті болуды ел басшысы бекке тән деп біледі. Өйткені Ж.Баласағұни адамды тәрбиелеу ісінде бек бейнесі мен қызметін негізгі тәрбие құралы ретінде пайдаланады. Әділет - кісіні ізгілікпен табыстыратын төте жол, әрі ізгілік те әділетсіз толыққанды тірлігімен көрінбейтіндігін тұжырымдай отырып, әділетті өмірдің мәні, тірліктің тірегі деп біледі. Ал ұлы Абай болса, әділетті халықтың, көптің салты, азығы ретінде бағалайды:

Ғадаләт пен мархамат – көп азығы,

Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

«Құтты білік» дастанында әділет бейнесіндегі бектің Күнтуды аталуы тегін емес. Күннің шуағы жер бетіндегі жаны бардың бәріне тиеселі болса, әділет те - көпшілік ырзығы:

Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,

Шын әділдік – соларға көз бұрғанда – дейді ғұлама.

Абай өз шығармаларында Ж.Баласағұни секілді басшы, бек бейнесіне негіз болған әділет қасиетінің жетекші орнын нақты бөліп көрсетеді. Абай ақылды нұрлы, жүректі ізгі етуші әділет деп біледі. Әділет Абайдағы үш танымның, яғни толық адам (ақыл, қайрат, жүрек), жәуанмәртлік (ақыл, рақым, әділет), имани гүл (Алла, адам, әділетті сүю) құрамында келеді. Абайдың, әсіресе әділетке айрықша үміт артқанын оның имани гүл танымынан байқауға болады. Бірінші сүюдегі Алланы ақын әділет пен махаббат деп біледі де, оны, яғни Алланы әсіресе әділеті үшін сүйеді. Ал екінші сүюдегі адамзат ақылымен, ақылын нұрлы, ізгі ететін әділетімен ғана мұратына жетіп, болмысын баянды етпек. Сөйтіп, Абай танымының шыңы мен мәні – имани гүл, имани гүлдегі әділет болып табылады. Оның «Адамшылықтың алды махаббат, ғадаләт сезім» деп айтуы текке емес болар. «Құтты біліктегі» әділет бейнесінің бек, басшы түрінде берілуі құт-береке, ақыл-парасат, қанағат-рақымның әділетке кіріптар, тәуелді екенін көрсетеді. Халық түсінігіндегі ең киелі ұғым, дастанның атына айналған құт-береке, бақ-дәулет әділет пен ізгілікке құштар, өйткені әділет пен ізгілік болған жерде құт болады (31). Міне, екі ғұламаның негізгі педагогикалық идеясының түйіні осы.

Ж.Баласағұни «Құт бір күндік, алды жар да, арты бал, толар дәулет, толған айдай сарқырар!» немесе «Мен де айдай жаналанып тұрамын, бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым» дей отырып, адамға қажетті құттылықтың белгісі бақ-дәулет, ырыс-байлықтың мәңгілік еместігін, сондықтан дәулетің, байлығын болса, менменсіп, адамдық қасиетті бойыннан жоғалтпау қажеттігін айта отырып, «Дәулет бітсе, менменсіме, тасыма, жақсылық қыл, жиылсын жұрт

қасына» деп тағылым береді. Мұның өзі педагогикалық мәні жоғары тәлімдік тәрбие өнегесі болып табылады. Қазіргі заман тұрғысынан алсақ, нарық қатынастарының өркендеуіне байланысты жаңа заманның ұрпағы дүниеге келіп отыр. Сондықтан жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде ғұламаның «Құтты білік» дастанында айтылған ой-пікірлердің маңыздылығы арта түседі. Дәулетті адамдардың байлығына, жиған-тергеніне мәз болып, өмірдің мәні, тіршіліктің сәні осы екен деп, айналасындағы ұмытып, адамдық қасиеттерден арылуына жол берілмеуі тиіс.

Ж.Баласағұнидың тәлімдік ой-пікірін сабақтай отырып, Ұлы Абай дәулетті адамның адал болуы туралы былай дейді:

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?

Ж.Баласағұни мен Абайдың негізгі тақырыптарының бірі ақыл мен парасат болып табылады. Ақыл-парасаттылық пен білімділік туралы екі ғұламаның ойы бір-бірімен сабақтасып, бірін-бірі толықтырып тұрады.

Дастанда уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы ақыл мен парасаттың мәні ашып көрсетіледі. Ж.Баласағұни ақылды «қымбатыңның қымбаты, онсыз құнсыз тәннің сымбаты» деп өте жоғары бағалай отырып, оны былайша анықтайды:

Ақыл тұрар қатпарында миынның,
Баста бәрі – қимас асыл сыйыңның.

Ж.Баласағұни ақылды туғанда адамда болатын қасиет деп біледі, ақыл арқылы жинақталатын жанның қорын білім деп түсінеді:

«Оқу-тоқу берер-білім, парасат,
Оның бәрі ақыл емес, қарасақ.

Ақыл-зейін хақ бұйрығы сіңірген
Желек жаяр, қосылғанда біліммен!»
Ақыл-ес те хақтың берген еншісі,
Білім – кенге түскен мидың елшісі.

Абай адамда туғанда ақылдылыққа, білімділікке апаратын білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары болады деп біледі де, «аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу (тілек, мақсат), бұлардың басы – жибили (туа біткен қасиет, ақыл), ғылым – бұлар – кәсиби (жинақталған, еңбекпенен табылған)» деп тұжырымдайды. Он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деп, ақыл мен білімнің өмір тәжірибесінен, көп оқып-білгеннен қалыптасатынын білдіреді. Сонымен Абай ақылды таза кәсиби қасиет дей отырса да, Ж.Баласағұни танымынан алшақ кетпей «білсем, көрсем, үйренсем» деген ақылдың алғашқы нышандары туғаннан адам баласында болатынын айтады. Абаймен ойын ұштастыра отырып, Ж.Баласағұни да ақылдың жүре келе толысатын кәсиби қасиетін жоққа шығармайды:

Ақыл – есі бар адамның белгісі:

Біліп бәрін, келер біле бергісі.

Ж.Баласағұни мен Абайдың адамды тәрбиелеу туралы тәлімдік ой-пікірінің тағы бір түйісетін тұсы – қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық мәселесі. «Құтты білік» дастанында бұл уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы беріледі. Дастанда «Нәпсіні тый, құмарлықтан арылғын, белгісі бұл ерлік, ақыл, арыңның» десе, Абай қанағатты адам бойындағы бес асыл істің бірі деп біледі.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының негізгі өзегі болған адам болу А.Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде жалғасын табады. Ж.Баласағұни адамның бойындағы кісілік қасиетін жоғары қоя отырып, кісі ділі, тіні, негізі – кісілігімен ғана Адам деген құрметке ие екендігін ашып көрсетеді:

«Ұрпағынның ұрпағына үлгі ет те –
Кісілікті кісілікпен құрметте!
Тірі кісі кісілігін асырсын;
Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол;
Кісілікке түсер содан ұлы жол;
Адамшылық жаса адамға, адам бол;
Адам атын мақтаныш қып адал бол!

Ұлы Абай атамыз да «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дей отырып, адам болу үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіріп, қандай қасиеттерден аулақ болу керектігін көрсетіп бергені баршамызға мәлім. Міне, екі ғұламаның педагогикалық идеяларының сабақтасатын тұсы осы жерде деп білеміз. Тұлғаның да, қоғамның да жетіліп, кемелденуін, үйлесімді дамуын көздеген екі ғұлама әрбір адамның, жеке тұлғаның кеселді қасиеттерден тазарып, арылуын тілейді. Жан-дүние, ділің мен әрекетіңнің кеселді қасиет, ой, қылықтан тазаруы кісілік кемелділік кепілі, әрі оның алғашқы асуы секілді. Кісілік кемелділік жолындағы келесі асу кеселді қасиеттерден арылып, тазарған жан-дүние, діліне адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіріп дарыту. Ғұламалардың педагогикалық ой-пікірлерінің негізгі түйіні осыған әкеп саяды:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер ХХІ ғасырда өндірістік парадигмадан жаңа білім мен ойлаудың жалпы әлемдік қағидаларына негізделген мәдениет парадигмасына; машиналы технологиядан әлеуметтікке; ғылыми білімдер түріндегі білім беру нәтижелерінен іс-әрекет әдіснамасына; ұлттық экономикадан әлемдік экономикаға көшу үрдістерінің дүниеге келуіне себепші болды. Мұның өзі білім беру жүйесінде жаңа парадигманы - ізгілендіру парадигмасын тудырды.

Ізгілендіру Ж.Баласағұни мен Абайдың педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұламалар тәрбиенің ізгілікті болуы қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда екі ойшылдың көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, талай жылдар өтсе де, тәрбиенің негізгі парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр.

Осы жоғарыда айтылғандардан басқа бабалар мұрасындағы тарихи дәстүр жалғастығы, даналық ой-пікір сабақтастығы жайында көптеген нақты деректер мен мысалдар келтіруге болар еді. Мұның өзі қай ғасырда, қандай заманда өмір сүргеніне қарамастан ұлы ойшылардың көздеген мақсаты бір, яғни жаны-тәні сұлу, рухани кемелденген елінің азаматын тәрбиелеу болғандығын аңғартады. Бұл бүгінгі таңда педагогика ғылымындағы тәрбиенің басты мақсатымен – қоғамға қажетті жеке

тұлғаны қалыптастырумен тікелей байланыс табады. Сондықтан қазіргі әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне аяқ басқалы отырғанда, жаһандану тұсында адамдардың рухани дүниесін байыту бабалардан бастау алған даналық, өзара сабақтастық арқылы өз шешімін табатыны анық.

Бақылау сұрақтары:

1. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларындағы ортақ мәселелерді ашып көрсетіңіз?
2. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық іліміндегі адамгершілік тәрбиенің мазмұнын ашып көрсетіңіз.
3. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық іліміндегі толық адам мәселесінің орны қандай?
4. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық іліміндегі сабырлылық мәселесінің мәнін ашып көрсетіңіз.
5. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың ақыл-ой тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.

Тапсырмалар:

4. «Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларындағы сабақтастық» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
5. Ж.Баласағұни мен Абайдың негізгі тақырыптарының бірі - ақыл мен парасат туралы пікірлеріне талдау жасаңыз.

6. Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық іліміндегі ізгілендіру идеялары бойынша ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. - 2005.
3. Әліпхан М. Ж.Баласағұн мен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесі: филология.ғыл.канд. ...дисс. автореф. – Алматы,1998.
4. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
5. Ибраева К.Ж. Развитие педагогической мысли в Казахстане (период средневековья). – Усть-Каменогорск, 2004. – 136 с.
6. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
7. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
8. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.

**Кемеңгер ұстаз, данышпан ғалым Жүсіп
Баласағұни туралы не білесіз?**

Тест сұрақтары

1. Кемеңгер ұстаз, ойшыл, данышпан ғалым Жүсіп Баласағұнидің туған жерін атаңыз
 - A) Түркістан
 - B) Қашқар
 - C) Баласағұн
 - D) Дамаск
 - E) Ақмешіт
2. «Құтты білік» дастанын қай жылдары жазған
 - A) 1070-1071 жж.
 - B) 1071-1072 жж.
 - C) 1069-1070 жж.
 - D) 1069-1071 жж.
 - E) 1072-1073 жж.
3. Ж.Баласағұнидің атағы
 - A) Хан
 - B) Хажыб
 - C) Хас Хажыб
 - D) Уәзір
 - E) Патша
4. У.Х.Шәлекеновтың зерттеуі бойынша бұрынғы Баласағұн қаласының орны
 - A) Түркістан қаласы
 - B) Тараз қаласы
 - C) Отырар қаласы
 - D) Ақтөбе қаласы
 - E) Ақмешіт қаласы
5. «Құтты білікті» қазақшаға аударған ғалым

- A) А.Егеубаев
 - B) А.Көбесов
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Ж.әл-Машани
6. «Құтты білік» бізге неше қолжазба түрінде жетті?
- A) 3
 - B) 4
 - C) 5
 - D) 6
 - E) 7
7. «Құтты білік» дастанының 1-ші нұсқасы қалай аталды?
- A) Ұйғыр нұсқасы
 - B) Вена нұсқасы
 - C) Каир нұсқасы
 - D) Мысыр нұсқасы
 - E) Наманган нұсқасы
8. «Құтты білік» дастанының 2-ші нұсқасы қалай аталды?
- A) Ұйғыр нұсқасы
 - B) Вена нұсқасы
 - C) Каир нұсқасы
 - D) Ферғана нұсқасы
 - E) Наманган нұсқасы
9. «Құтты білік» дастанының 3-ші нұсқасы қалай аталды?
- A) Ұйғыр нұсқасы
 - B) Вена нұсқасы
 - C) Каир нұсқасы
 - D) Мысыр нұсқасы
 - E) Наманган нұсқасы

10. «Құтты білік» дастанын алғаш неміс тіліне аударған шығыстанушы ғалым
- A) О.Альбертс
 - B) В.В.Радлов
 - C) В.В.Бартольд
 - D) А.Н.Кононов
 - E) Г.Вамбери
11. «Ж.Баласағұнидің педагогикалық мұрасындағы ізгілендіру идеяларының дамуы» бойынша докторлық диссертациялық зерттеу жүргізген ғалым
- A) Т.Ә.Ахметов
 - B) А.Н.Көшербаева
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Егеубаев
12. «Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары» бойынша кандидаттық диссертациялық зерттеу жүргізген ғалым
- A) Т.Ә.Ахметов
 - B) А.Н.Көшербаева
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Егеубаев
13. Ж.Баласағұни тұжырымдамасындағы тәрбие мақсатын белгілеңіз
- A) Қоғамға керекті тұлғаны қалыптастыру
 - B) Жас ұрпақты отанын қадірлеуге тәрбиелеу
 - C) Оқыту үрдісінде тәрбие құралдарын пайдалану
 - D) Текті, парасатты, ізгі, әділ адамды тәрбиелеу
 - E) Қайырымдылыққа тәрбиелеу
14. «Құтты білік» дастанындағы әділдік бейнесі

- A) Күнтуды Елік патша
 - B) Айтолды
 - C) Өгдүлміш
 - D) Одғұрмыш
 - E) Жүсіп ұлығ Хажыб
15. «Құтты білік» дастанындағы бақ-дәулет, ырыс-байлық бейнесі
- A) Күнтуды Елік патша
 - B) Айтолды
 - C) Өгдүлміш
 - D) Одғұрмыш
 - E) Жүсіп ұлығ Хажыб
16. «Құтты білік» дастанындағы ақыл мен парасат бейнесі
- A) Күнтуды Елік патша
 - B) Айтолды
 - C) Өгдүлміш
 - D) Одғұрмыш
 - E) Жүсіп ұлығ Хажыб
17. «Құтты білік» дастанындағы қанағат бейнесі
- A) Күнтуды Елік патша
 - B) Айтолды
 - C) Өгдүлміш
 - D) Одғұрмыш
 - E) Жүсіп ұлығ Хажыб
18. «Құтты білік» дастанында адамгершіліктің негізгі тұтқасы ретінде ерекше көрсетілетін құнды қасиет
- A) қайырымдылық
 - B) достық
 - C) жолдастық
 - D) кісілік
 - E) адалдық

19. Ж.Баласағұни тұқым қуалаушылық шеңберінен шығарып, адамгершілік асыл қасиет деңгейіне көтерген адами қасиет

- A) қайырымдылық
- B) достық
- C) жолдастық
- D) кісілік
- E) тектілік

20. Ж.Баласағұнидің мына ой-пікірлері қандай тәрбие беруді көздейді:

Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, болмайды еш келісім.
Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Заң бар жерде – берік елдің жұлыны

- A) адамгершілік
- B) құқықтық
- C) эстетикалық
- D) патриоттық
- E) имандылық

Дұрыс жауаптарының кілті

Сұрақтың нөмірі	Дұрыс жауабы
1	C
2	C
3	C
4	D
5	A
6	A
7	B
8	C
9	E
10	E
11	B
12	A
13	D
14	A
15	B
16	C
17	D
18	D
19	E
20	B

Реферат тақырыптары

Әдістемелік нұсқаулар:

Реферат тақырыбын өзіңіздің қызығушылығыңыз мен ерік-күшіңізге сәйкес таңдап алыңыз. Педагогика тарихы, оның ішінде Ж.Баласағұни педагогикасы бойынша жазылған рефераттар ғылыми басылымдар мен еңбектерді тек баяндау ғана емес, оларды сын тұрғысынан талдауды да қажет етеді. Қажетті әдебиеттерді іріктеп алыңыз (оқу құралында берілген әдебиеттерді пайдалануға болады). Жоспар құрыңыз. Ол үшін қандай басты мәселелерге көңіл аудару қажеттігін анықтап алыңыз (ереже бойынша жоспар 2-3 негізгі мәселелерді қамту керек). Реферат *кіріспеден* (онда таңдап алынған тақырыптың көкейкестілігі негізделеді), *негізгі бөлімнен* (тақырыптың басты мазмұны ашып көрсетіледі), *қорытындыдан* (тұжырымдар жасалады), реферат жазу барысында пайдаланылған *әдебиеттер тізімінен* тұрады.

- 1 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының жазылуының тарихи-әлеуметтік және педагогикалық алғышарттары
- 2 Ж.Баласағұни мұрасының зерттелу жағдайы
- 3 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы негізгі педагогикалық ұғымдар
- 4 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының тәрбиелік маңызы мен мәні
- 5 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында ізгілендіру идеяларының дамуы
- 6 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы философиялық және ағартушылық ойлар
- 7 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы

- дүниетаным мәселелері
- 8 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында адами құндылықтар жүйесі
 - 9 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында адами құндылықтар жүйесіндегі «Текті, парасатты, иманды кісі» бейнесі
 - 10 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы адамгершілік тәрбиесі
 - 11 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы эстетикалық тәрбие
 - 12 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы еңбек тәрбиесі
 - 13 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны
 - 14 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы отбасы тәрбиенің мазмұны
 - 15 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы имандылық тәрбие
 - 16 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы құқықтық тәрбие
 - 17 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері
 - 18 Ж.Баласағұнидің мұрасындағы халықтық педагогиканың алатын орны мен ролі
 - 19 «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздерін құрайтын мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жүйесі
 - 20 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының педагогика ғылымын дамытудағы ролі
 - 21 Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясының мәні
 - 22 Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы дидактикалық мәселелер

- 23 Тұлғаның үйлесімді дамуында Ж.Баласағұнидің тәлімдік ой-пікірлерінің маңыздылығы
- 24 Ж.Баласағұнидің педагогикалық ілімінің әлемдік педагогикамен үндестігі
- 25 Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларының сабақтастығы және оларды педагогикалық процесте пайдалану жолдары

Шығармашылық тапсырмалар

Әдістемелік нұсқаулар:

Ұсынылып отырған шығармашылық тапсырмалар студенттерге өздерінің жеке қабілеттерін көрсетуге, Ж.Баласағұни педагогикасына қызығушылықтары мен қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың бұл түрін орындау үшін ең алдымен, тапсырманы таңдап алып, оның мақсатын анықтау және қажетті әдебиеттерді іріктеп алу керек.

Шығармашылық тапсырмалар толық дәйектемені қажет етеді және талқыланып отырған мәселеге сіздің өз көзқарасыңыз мен ой-пікіріңізді білдіруді көздейді.

1. Ж.Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің рухани бастаулары мен «Құтты білік» дастанындағы жетекші педагогикалық идеяларды айқындаңыз.

2. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы негізгі адамгершілік ұғымдардың графикалық сұлбасын жасаңыз.

3. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы дидактикалық ұғымдардың графикалық бейнеленуін көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

4. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанындағы ата-ананың ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін ашып көрсетіңіз.

5. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының қазақтың халық педагогикасымен байланысын графикалық түрде бейнелеп көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

6. Ж.Баласағұни педагогикасындағы тәрбие мазмұнының графикалық сұлбасын жасаңыз.

7. Ж.Баласағұнидің тұлға сипаттамасындағы төрт құрылымдық компоненттің өзара қатынасының графикалық сұлбасын жасаңыз.

8. Ізгілендіру педагогикасы тұрғысынан адам тәрбиесі туралы Ж.Баласағұни мен Абайдың көзқарастарына салыстырмалы талдау жасаңыз.

Салыстыруға арналған мәселелер	Ж.Баласағұни	Абай
Тәрбие мақсаты		
Тәрбие мазмұны		

9. Ж.Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеяларын мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын көрсетіңіз.

10. Ж.Баласағұни педагогикалық ілімінің ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкестілігі мен маңыздылығын ашып көрсетіңіз.

Қосымша материалдар

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанынан үзінділер²

*Адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен
екендігі айтылады*

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.

Кімге құдай берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!

Ақылды – ұлы, біл, білімді – білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті.
Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,
Сөзді естіп, аларыңды көздеп ал:
«Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!».

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.
Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі.

Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:
Надан білім алса, құты тасады.
Ақыл-бұйда, ере түссең – жетелер,

² Ж.Баласағұн Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.

Сөйтіп, арыз-тілегіне жетер ер!
Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
білім білсе, әзиз тірлік өткерер!
Ақыл күллі ісінді алып шығатын,
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны айтылады

Ақыл, білім, тілмашы – тіл, бұл кепіл,
Жарық төгіп, елжіретер тіл деп біл!

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.

Тіл – арыстан есік баққан ашулы,
Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды!

Біліп айтқан сөз - білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп табалар.

Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өңбеді!

Көп сөйлеме, аз айт бір бір-ер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйінін.

Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар,
Көп сөз басты қара жерге кеп тығар.

Көп сөйлесең, «Езбесің» - деп, жек көрер,
Сөйлемесең, «Мылқау» - екен, деп сөгер!

Бұлай болса, тең ортасы – керегің,
Тілге ұстамды болсаң, өсер беделің!

Біліп сөйле, сөзіңде сөл, өң болсын,
Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!

Біліксіздер – надан, көзі байлаған,
Білімдіден өнеге ал, ей надан!

Туған өлер, көрсең қалар белгісіз,
Сөзіңді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз!

Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы:
Бірі ізгі сөз, бірі ізгі құлығы!

Туған адам өліп сөзі қалады,
Өзі кетіп, ізгі аты қалады!

Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге,
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.
Кісілерге мирас ата сөзі ғой,
Ата сөзі – ұқсаң – құттың көзі ғой.

Ізгілік қылықтың сипаты, пайдасы айтылады

Егер қолың ұзын болса халыққа-
Қылық, сөзді ізгі қылып, жарылқа!

Жігітшілік өтер, өшер тірлігің,
Дүние – түс, көшерсің тез бір күні.

Ізгілік – пайда. Тірлігіңді пайда қыл,

Ізгілік, соңыра – жер, киерің, ойлағын!

Бек пе, құл ма, мейлі, жақсы-жаман ба,
Өзі өлді, қалды аты – ізі ғаламда.

Саған тиді енді орынның кезегі,
Жақсы боп өт, жақсылық ет еселі.

Кім білімді болса жаһан бегінен,
Әділ заңды солар түзеп, теліген.

Бұл күнде кім ізгі кісі атанса,
Солар басшы болды ізгі іс жасалса.

Кім дана бек болса, жақын білімге,
Біліктіні жақын қылар түбінде.

Білімнен әзәз не бар дейсің жаһанда,
«Білімсіз, надан!» - десе, қорлық адамға!

Не дер екен, тыңда, білімді адамды,
Жасы жеткен, сынап көрген ғаламды:
«Білімсізге төрден орын болса, көр:
Төр – босаға, ал босаға болды төр!
Орын тисе данаға есік көзінен,
Есік – биік, төр-тағыңның өзінен!
Күллі құрмет, білімдіге тиесі,
Мейлі, ол төр, мейлі есіктің иесі».

Білім, ақылдың қасиеттерін, пайдасын айтады

Ақыл - шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.

Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,
Екеуімен қадірі тартып, бекінер.

Ақылдыға қадір құрмет лайықты,
Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!

Көрсен бағып, мына бір сөз жаңылтпас:
«Ақылсыз надан өзін-өзі жарытпас!»
Қарап тұрсаң, күллі сөздің рәсімін:
Ақыл, білім ең асылы, әсілі.

Ақыл болса, асыл болар – болса ер,
Білім болса, бектік қылар – қылса ер.

Ақыл кімде болса – болар асыл ол,
Білім кімде болса – бек һәм басың ол.

Кісі ұланы қара жерге қол салды,
Көтерді бәрін, білімін ол қолданды.

Ақылымен кісі асыл атанар,
Бекке ел ісі білімімен жасалар.

Талай ізгі іс, атқарылды ақылмен,
Мың рахмет ақыл-еске асыл кен!

Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,
Қадірі көп, аз білімді аз деме!

Төрт нәрсе бар, аз деп ұғып кейіме,
Дана айтқан сөзді түйгін зейінге:
Бұл төртеудің біреуі – жау, бірі - өрт,
Үшіншісі, тіршіліктің торы – дерт.
Бұлардан басқа біреуі бар, ол – білім,
Осал көрме төртеуінің ешбірін.
Көп бұлардың пайдасы да, залалы,
Қайсысы беріп, ал қайсысы алады.

«Ақылды ерге ақылы ес-дос болар,
Наданға аты-ақ қоңыраулатып қас болар.
Біліктіге білім – күллі тон, асы,
Білімсіздің қылығы – сұм жолдасы!»

Ей, ақылды! өкпе-сорға шалдырма!
Сақтап атты, ашуға бой алдырма!
Өкпе, ашумен ешқашан іс етпегін-
Егер, олай қылсаң, жапа шеккенің!
Өкінерсің ренішті істе сен,
Адасарсың қызбалықпен істесең.

Ерге керек төзімділік күш-қайрат,
Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап.

Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті.

Ақыл керек, білім таңдап аларға,
Білім керек, іске жақсы қарарға.

Жарамды мен жарамсызды көрерге,
Керектіні-керексізден бөлерге.

Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе өз керегін анықтап.

Сонда, толық болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп.

Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді.

Қызбалық пен ашу жауың қордалы,
Бұл екеуді тұтқан анық сорлары.

Естігін, не деген екен дана бек,
Ей, шырайлым, ойлы сөзді ала кет:
«Қызбалықтан абырой таппас дана да,
Ашу қысқан адамда ақыл қала ма!?
Қызбалық – сұм, ақыл-естен тандырап,
Жайсаң ерді ашу қапы қалдырап!»

Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы,
Білімді сөз – шырын, жанның құнары:
«Біраз нәрсе кісінің қас-дұшпаны,
Білсе оларды өзін қинап қысқаны.
Бұның бірі – тілдің жалған айтақаны,
Бұдан басқа – айтқан сөзден қайтқаны.
Үшіншісі – шарапқа аңсар ауғаны,
Шәксіз, текке өтер өмір қалғаны.
Тағы бірі – жүгенсіз іс-қылығың,
Сүймес ешкім, алған жанды шырығын

Енді бірі – зымыяндық бықсыған,
Кісі үйін түтіндеп, тықсырар.
Және бірі: ашулы тіл – у, ашық,
өлтіреді шағып сөксе, тіл ашып.
Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,
Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,
Одан құт, бақ безер аулақ жосылып.
Басы айналып, тағдыр оған иілмес,
Сырт айналар, айныр, қайта сүйінбес!».

Ізгі кісі, кел, ізгілік – шырайы,
Ізгілік ісі – ақылдылық шынайы.

Не дейді, ұққын, тыңдап ілім білгенді,
Сынап, ұғып қолына алған күллі елді:
«жақсы, қанша жасар, кәрі болмайды,
Жаман қанша түзегенмен оңбайды.
Жаман жасы – қысқа, өкініп қартаяр,
Жақсылық жасы – ұзақ, қамсыз марқаяр.
Жақсы күнде табар жаңа бір тілек,
Жаман күнде мұңмен сөнер біртіндеп!»

Кітапқа ат қойылуы туралы айтады

Кітап атын «Құтадғу білік» қойдым –
Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың.

Жазған кітап, сөйлеген сөздеріммен,
Екі дүниені ұстауды көздедім мен.

Көрген адам, қызығын қос жалғанның,
Бақытты жан сөзімде жоқ жалғандық.

Күнтуды деп бастадым сөздің басын,
Тізейін деп шындығын көздің асыл.

Айтолдыны еттім жыр – мархаббатты,
Нұрын төккен бақыттың, шапағаттың.

Бұл Күнтуды туп-тура заңның өзі,
Ал, Айтолды – бақыт һәм құттың көзі.

Өгдүлмишти сонан соң сөзге қостым,
Ақылы асқан жоқ одан өзге достым.

Одғұрмышты сөз еттім тағы да мен,
Ақыбет³ деп ат қойдым мағынамен.

Төрт нәрсені тіліме тиек еттім,
Көз ашылар, көңіліне түйе кеткін.
Көкірегіне түй, жігіт, бекер деме,
Тірлік тек ойын-сауық, шекер деме.

Сөз басы – Күнтуды Еліктің өзі

Бір бек өткен дүниеде дана, батыл,
Сөз ісінен тамырдай тарады ақыл.
Бұл – Күнтуды, тараған даңқы жұртқа,
Бақытты жан балаған халқы құтқа.

Адалдықты пір тұтқан өмірі ұдай,
Көзі қарақты, сөзі шын, көңілі бай.

³ Ақыбет – Ақырет (?). Одғұрмыш қанағат, ұстамдылықтың баламасы ғой. Мағыналық жағынан бұл дүние қызығына қанағат қылып, бақилықты ойлаған жан дегенге саятын болар (А.Егеубаев).

Білімді көкейіне көп іс түйген,
Жауға – үрей, зұлымдарға өрттей тиген.

Шындық жолын қуған ер түкті жүрек,
Атақ-даңқы күн сайын өсті үдеп.

Білімді бек, қадірлі құлығымен,
Тірлік етті жарасты қылығымен.

Атқарды ісін ақылмен, саясатпен,
Саясатқа сай келер парасат кең.

Айтолды Елікке Дәулет сипатын әңгімелейді

Орын бердім отырмадым оныға –
Ұқсын деп ем: «Орным жоғын сорыма».

Сөзді растап: тобығымды төседім –
Ұсқынымды көрсін деген есебім,
Орның жоқта, тобыққа – сор, сезгемін,
Мен, құт – дәулет, сол тобықтай кезбемін.

Көзім жұмдым, мейіріммен қарап ең,
Түр, пейілімді танысын деп санап ем!
Мен Дәулетпен, көзім соқыр, - дегенім, -
Кім жұғысса, соны ұстап, еремін...

Сен сұрадың – жауабымды асырдым,
Қарап едің – мен жүзімді жасырдың.
Бұл қылығым: айнып кете беремін,
Тұрақсызбын, маған сенбе! – дегенім.

Енді тыңда түрік мақал-нақылын,
Көпті көрген ақсақалдың ақылын:
«Құтты кісі «Құттымын» деп лепірме,
Даңқты кісі даңқыңды айтып есірме.
Бір орында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды,
Жиһангерлер жүре бермей тынбайды...
Құт опасыз ұшып-қонып тегінен,
Тайғақ табан, қонбай жатып жеріген...»

Айтолды айтты: - дана кісі, атымды,
Қойған екен Айға меңзеп затымды.
Ай туғанда елеусіздеу болады,
Күннен-күнге көтеріліп толады...

Ай толғанда, көзі ашылар әлемнің,
Жүзі жайнар жаһандағы әр елдің.
Толған ай да, қарасаңыз шетінен,
Бозаң тартып, ажары азып кетілер.

Нұры сөніп, семіп мүлде жоғалар,
Қайта туып, қайта толар, оңалар.

Мен де айдай жаңаланып тұрамын,
Бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым.
Ғаріп жанға түссе жүзім, жанарым:
Көркі артып, нұр жуады қабағын.

Байып, тасып даңқы алысқа жайылар,
Кетуім мұң – су алғандай шайылар.
Жиған-терген мүлкі күлдей шашылар,
Таз қалпына түсер, еңсе басылар.

Шайыр сөзін есті мұны меңзеген,
Білікті сөз – білімсізге көз берер:
«бақ қонса адам, көңілі судай сарқырар,
Жаңа айдай толысар да, жарқырар.
Құт бір күндік, алды жар да, арты – бал,
Толар дәулет, толған айдай сарқылар!»

Бұл жөнінде сыр ашайын және бір,
Естіп ұғып, шын ниетпен сене біл!

Орын сайлап, жантаймас Ай жайланып,
Мекен-жайсыз жүрер сырғып айланып.
Саратанмен жанып, бірге өшеді,
Ол көшпелі, бұл да бірге көшеді.

Қай үйге енсін, тәрк қып шыға береді,
Кіріп-шығып, шығып-кіріп желеді.
Мен де айдай айнымаймын, білемін,
Бірде - өрде, бірде – ылдида жүремін.

Келіп-кетіп шарқ ұрамын, жатпаймын,
Кең жаһанды кезсем де орын таппаймын.
Затыма сай «Айтолды» деп атаған,
Білімдінің айтқаны аумас батадан.

Міне, мен – құт, аян мінез, тегім де,
Айттым, түгел, кеселімнің емін де.

*Күнтуды Елік әділдіктің сипатының қандай екендігін
Айтолдыға айтады*

Міне, мені көргін, заңмын, әділмін,
Тұрқымды сен байқа, барла – бәрін біл.

Мен отырған тағым, міне, төрімде,
Үш аяғын көр де тоқы, көңілге.
Үш тағанды нәрсе берік, мызғымас,
Үш аяғы тұрғанда ұстап, жылжымас!
Егер үштің бірі тайса жетеді,
Қалған екеуі өзі-ақ ұшып кетеді.
Үш сиратқты нып-нық, түзу тұрады,
Төртеу болса, бірі қыңыр шығады.

Бірі түзу болса – түзу бәрі де,
Бәрі түзу болса – түзу мәні де.

Бір қыңырдан – бәрі қисық шығады,
Бар қисықтан - әмән, қырсық туады.
Қай тұғыр да осал болса тұра ламас,
Мықты тұғыр, сенімді ешкім жыға алмас.

Қылығымды көр, қылаудай жоқ міні,
Өзім де әділ, үкім де әділ – сот күні.
Әділдікпен кеспей жаза, тоқтаман,
Құл ма, бек пе, еш айырма жоқ маған.

Бұл пышақты кім нық тұтса қолына –
Өнер ол да. Сілтер кесел жонына.
Пышақтай мен кесем аршып әр істі,
Кінәліні тауып, білем мәністі.

Шекер жәбір көргендерге бұйырар,
Қақпама кеп, әділ заңға ұйыған.
Бал шекерді татқан кісі жадырар,
Жаны шат боп, уайым-мұңнан арылар.

У бұйырар қара жүрек кісіге,
Заңнан қашқан зәрін түйіп ішіне.
Келсе алдыма тезінде әділ жазаның,
У – ішкендей тартар жанның азабын.

Суық қабак, кісі шошыр сұрым бұл –
Сыбағасы күштімсінген зұлымның.

Ұлым ба, әлде жақыным ба, алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па, әлде таныс па?
Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, Болмайды ешбір келісім...

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Заң бар жерде – берік елдің жұлыны.

Мұны меңзеп есті кісі бүй дейді,
Есті сөзді кім тұтса, ісі өрлейді:
«бектік берік - әділ заңның жөнімен,
Бұра тартсаң абыройың төгілер.
Бек заң жолын төрелікте ұстаса,
Бар тілекке жетер қолы, қысқасы».

Елік айтты: - Атымды есті ер беріпті,
Қылығымды көріп, танып, сеніпті.
Дүниенің нұрлы жомарт алыбы,
Күнді қара, сөнбейтұғын жарығы.

Жарқыраған күнді көр де, көр мені,
Күн сөнсе егер, тіршіліктің өлгені.
Соған ұқсас менің барша қылығым,
Әділ заңды шала алмас еш құрығың.

Күйбектемей өзін-өзі тербетіп,
Күн шығады жарқыратып жер бетін!
Туады күн, дүние-елге жарығын,
Тең бөледі, шығарады қарығын.

Мен де күндей – жоғалмаймын, өзгеріп,
Бар халыққа бірдей қылық, сөздерім.
Күн шықса егер, жер қызып, бұлт дүркірер,
Шешек атар мын-ң-мың түспен гүл түгел.

Қай елге төксе нұрын шындығым,
Гүлдеп тасы, дәулеті өсер мыңғырып.
Шыққан соң күн, жаман-жақсы демейді,
Жарық төгіп бәрін бірдей теңейді.

Әділ заңым жетер күндей бар елге,
Ниет, тегім үлгі болғай әлемге.
Маздар мәңгі өз жөнінен бұлжымай,
Қонып алып тұғырына бұржыдай.

Күн Арыстан шоғырында, өзгермес,
Арыстанды Күнге қырсық кез келмес.
Бір қалыпты қылығымды көр менің,
Жарқын жүзім, құбылмаймын өзгеріп.

Ізгілік туралы

Ізгі жүрек ізгілігін сатпайды,
Жомарт жандар құнын тілеп жатпайды.

Қайрымды жан қайырым етпес есеппен,
Есе күтсең – ұрғаңмен тең кесекпен!..

Бірі - анадан ізгі болып туғандар,
Сүтпен сіңіп сай-сүйегін буғандар.

Енді, бірі - өткінші ісі, тұрағы,
Ессізге ерсе, ессіз болып шығады.
Жақсыға ерсе, жақсы бола бастайды,
Жауызға ерсе, жауыздықтан қашпайды.

Ессіздер де екі түрлі болады,
Екі басқа, екі жолдың сорабы.
Жаман болып туған мұның бірі де,
Өле-өлгенше арылмас өз кірінен.
Тағы бірі – айнымалы болады,
Із тастайды шықса ізгі жол сорабы.

Тумысы ізгі, тек ізгілік төгеді,
Одан халқы, тек шапағат көреді.

Ізгі іс етсең – текті тірлік сүргенің,
Жауыздығың – көрге тірі кіргенің.

Ізгі жанның құлқы да ізгі, кең бейілі,
Күйкілік пен өкпеге ерік бермейді.

Бір күн үшін бүлініссе кімде-кім,
Білсін, өзі өз жүрегін тілгенін.

Ізгі ниет ер не дейді, тындағын:
«жақсылық қыл, тиген жерге тырнағың.
Әлің барда жақсылық қыл, жатсынбай,
Көңілің өсер, өсер енсең нақ шыңдай.

(Ей, ізгі адам, терең мәуең – бал-шырын,
Бері келгін, ашайын мен бар сырын.
Жақпас саған, бір күндікке алданба,
Жақсылықпен – жақсылық күт алдан да!)

Жауыздардың тұрса желі оңынан,
Жан азабын тартады, анық, соңынан.

Ізгілік – оң, Ессіздік – сол: Жүгің – ар...
Оңың – ұрмақ, солың – тамұқ, біліп ал!
Ессіз бүгін қанша есірер, құлшынар,
Ертең сонша өкінішке тұншығар.
Ізгі кісі қанша егіліп, қорлансын,
Жаны жәннет табар, ізгі болғансын!»

Ақылдылық – асылы ізгі жандардың,
Кішілікте – кісілік бар, аңғарғын...

Бар қылығы ізгі – ізгі кісінің,
Жан жылытар өзі-ақ түр мен түсінің.
Досың ізгі болса – ер де, сене бер,
Нені болсын, досқа сенген женеді ер!

Кісілік туралы

Әділдік – құт. Құт құрығы – кішілік.
Әділдіктің заты – тұнған кісілік.

Кісілер көп, кісілікке кендеміз,
Адалы – аз адам атты пендеміз.

Мұны меңзеп айтақан шайыр сөздерін,
Енді саған жеткізуді көздедім:
«Толып жатыр жүрген жандар жер басып,
Көңілі ашық, әділ ерге – ел ғашық.
Кісі сирек емес, сирек – кісілік,
Кісіліктің қадірін біл, түсініп!»

Не дегенін, тыңда ізгі ер кісі,
Кісілік қой шын кісілік белгісі:

«Кісілікпен ей, мәрт ерім, ұлы бол,
Кісілікке түсер содан ұлы жол!
Адамшылық жаса адамға адам бол,
Адам атын мақтаныш қып алар бол!»

Кісі ізгісі – қайырымды кең кісі,
Ел сарасы, кісіліктің белгісі.

Мейірімді, кісілікті кісінің,
Ей, ақ көңіл, ұққын сөзін түсініп:

«Кімнің асын ішсең – соның ісін біл,
Мейірімі өсер, асың да адал – түсінгін!

Тұз-дәм хақын бағып, өтеп адалдар,
Басың берер – асын берген адамға!»

Кісілікті ұят сақтап қалады,
Ұяты бар кісі – адамның адалы.
Ұяты бар ерге ісіңді сеніп бер,
Намыс көрер адасуды желікпен.

Әсілі оңды кісі ізгілік жасар да,
Мәңгілікке аты қалар жаһанда.
Араб сөзі жақсы айтыпты саралап,
Білу жөнін кісі әсілін бағалап:

«Кісі әсілін танытады қылығы:
Ісі қандай – сондай тіні, құлығы.
Құлқы ізгінің қылығы да әдемі,
Оңбағандық – оңбас құлық әлегі!»

Тыңда сөзді ақылды ер таратқан,
Адалдықпен елді аузыңа қаратқан:

«Кішілікпен ұқсаң кісі бағасын,
Ізгі кісі – кісі ішінде данасың!
Кісілікке кісілікпен бер жауап,
Сол үшін де, кісі атанып қаласың!»

Өгдүлмiш Елiкке ақылдың қасиетi туралы әңгiмелейдi

Айтты Өгдүлмiш: - Ақыл iсi баянды,
Құлқы тура, жолатпайды аярды.

Жасы кiшi, жүзi нұрлы, көрiктi,
Бар iзгiлiк бiр өзiнен өрiптi!

Жомарт , ойлы бiлер iстiң шамасын,
Әдiл, таза сақтар жұрттың арасын.

Қайда барса – iс қиюын табады,
Сөйлесе ақыл – тiлiңен бал тамады.

Жүзi игi барлық жерде сыйымды,
Табыстырар қиыспайтын қиырды.

Көзi жiтi, қырдағыны шалады,
Қандай iсте, еш таймайды табаны.

Былық iстi, былғанбай-ақ кешедi –
Не түйiндi, қас-қағымда шешедi.

Алды-артың – барлап – оң мен солыңды,
Бәрiң талдап, жорып берер жолыңды.

Ұшқанды – ұстап, қуып жетiп қашқанды,
Сынықты – сап, түзер асып-тасқанды.

Ақымақтар ақылды аңсап, жоқтайды:
«Ақымақ басым, ақыл қашан тоқтайды!?

Еш себі жоқ; кештім тірлік шөгірін,
Ақылсыз жан – сұлдер, арсыз көңілің!
Ақыл – жарық, басырларға көз болар,
Тірі өлікке – жан, мылқауға сөз болар!»

Ақылдылар ақылды әркез мақтайды,
«Ең ізгі дос! Сенен ешкім артпайды!
Пейілің түзу. Бар ісің – оң, солың жоқ!
Достарыңа күйіндірер сориң жоқ!»

Ақыл-есі бар адамның белгісі:
Біліп бәрін, келер біле бергісі.

Ақыл-естің мақтамайын, мақтайын,
Түзік жолы – сағат сайын, сәт сайын!

Есті жанның тілі – шындық шұрайы,
Бар қылығы тегіс шымыр шығады.
Одан салқын сабырлылық еседі,
Жеті өлшеп, жалғыз рет кеседі.

Он ойланып, толғанады әуелі,
Болжап кіріс, сонда ісің мәуелі.
Қолынан іс келсе, жас деп, күтпейді,
Жұрт арыз-мұң, аманатын жүктейді.

Енді мына сөздерді естіп, ойлап көр,
Зейін қойып, тереңіне бойлап көр:
«Жасты да ақыл кемеліне келтірер,
Ессіз кәрі тоқсанында желпінер.
Жас ақылы – шығар сөлі шырынның,
Ақыл қайда болса, солай жығылған».

Одғұрмыш Өгдүлмішке бұл дүниеден жүз бұрып, барға қанағат етіп, о дүниеге пейілді болу туралы айтады

Білімі - өзен, жақсы білім беріпті,
Есті мұны; ей, құлқы түзу – көрікті. –

«Жігіттікте кәрілік қамын істе сен,
Қартайған соң, жасың жетпес күш кетер.
Жігіттіктен хаққа тәует етпейсің,
Кәрілікте одан зиян шекпейсің.
Ұланбысың, жақсы құлық жолын қу,
Ұлғайғанда ұшқан жалын, отын – бу.
Қандай жақсы жігіттікті өткерген,
Үлес тисе күллі ізгіліктерден.
Жараспайды-ақ қартайғанда кісіге,
Араласса жігіттіктің ісіне!

Құтты адамның болар белгі, шырайы,
Төгіп тұрар күнде ізгілік райын.
Егер құтсыз болса, адамды зарлатар,
Қартайғанда пейілін бұзып сорлатар.

Жақсы айтыпты, білімі кең, дана бек,
Ей, шырайлым, өзің тыңдап санаңа ек:

«Бақытты сол, қартайғанша жаңылмай,
Жақсы болса, жамандық қып тарылмай,
Жүгірсе кім құмарлықтың соңында,
Сол білгейсің, бақытсызың, қорың да!»

Баласағұн – түркі халықтарының бұрынғы астанасы

Ит жылы қазақ үшін игілікті жылға айналды. Ел аузынан жыл бойы жағымды жаңалықтар естідік. Жыл соңында сүйінші сұрайтындай жүрекке жылы тағы бір хабардың шеті шықты: ежелгі Баласағұн қаласының орнын 32 жылдан бері зерттеп жүрген белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Уахит Шәлекеновтің тарихымызға түзету енгізетін «V – XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты 32 баспа табақ монографиялық еңбегі мен «Орта ғасырдағы Ақтөбе» атты құнды альбомы (Мұның Түркияда жарық көргенін ерекше атап өткен дұрыс) жарық көрді. Қазақ тарихының «Алтын қорында» мәңгі сақтауға лайықты еңбек Уахит ағамыздың жанкешті тірлігінің, маңдай терінің жемісі. Ақыры ғұлама ғалым Жүсіп Баласағұн өмір сүрген ғажайып қаладан табылған құнды заттар мен деректер оның көне түрік халықтарының астанасы болғанын дәлелдеді.

Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шу өзенінің сол жағалауына орналасқан Баласағұн ауылының маңы кәрі тарихтан терең сыр шертеді. Отыз жылғы зерттеудің нәтижесінде, жер қойнауында жатқан үлкен қаланың орны анықталып, 1980 жылы ұшақпен түсірілген суреттегі кескіндер анықталды. Онда тек қала орталығы 70 шаршы шақырымды құраса, қала қоршалған қамалдың жалпы ұзындығы 52 шақырымға жеткен.

– Қала үш бөліктен тұрады және солардың барлығын да зерттедік. Осында Шу хақаны өзіне қала салдырып, оны өзінің құрметіне Баласағұн деп атаған. Ол V – XIII ғасырларда Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қараханид және Қарақытай (Қарақидан) түрік мемлекеттерінің бас астанасы болып, саяси, экономикалық және мәдени орталық ретінде

аты әлемге жайылды. Өкінішке қарай, түрлі себептермен кейіннен тарихи сахнадан түсіп, бұрынғы аты да, орны да белгісіз болып қалған. Тек жергілікті тұрғындар қала ортасындағы биік, алыстан ағарып көрінетін төбенің атымен «Ақтөбе» деп атап келген, – дейді танымал тарихшы Уахит Хамзаұлы. Енді «Баласағұнды шығысты зерттеушілер неге ұзақ іздеді?» деген сауалға келсек, оның бірнеше себеп-салдары бар: Баласағұн туралы бұрынғы жазба деректер көнерген, бұл туралы жергілікті тұрғындар да ештеңе білмейді. Әрі осы маңайда бұзылған көне қалалар көп болғандықтан, солардың қайсысы Баласағұн екенін анықтау қиын соққан. Осылайша жұмбақ қала талай тарихшыларды табанынан тауысты. Соған қарамастан, өз пікірін айтып, тарихқа жаңалық енгізбек болғандар да кездесті. Солардың бірі – ленинградтық профессор А.Бернштам болмашы деректерге сүйеніп, өткен ғасырдың 50-жылдары Қырғызстанның Тоқмах қаласының жанындағы ортағасырлық қала – Ақбешімнің орнын «Баласағұн» деп жариялап жіберген. Алайда оның шәкірті, профессор Л.Кызыласов мұны жоққа шығарды. Тарихи деректерге атүсті қарау салдарынан А.Бернштам жалған ақпарат таратқан. Ал қырғыз ғалымдары мұны кіші Бұранамен шатастырып жүр. Осы деректер енді түзетіліп, Ақтөбе ескерткіші ғана Баласағұн болатыны тың деректермен дәлелденді.

– Баласағұн қаласының орны өте үлкен. Дәл осындай көлемдегі шаһарлар Шу мен Талас өңірлерінде жоқ, – дейді академик Уахит Шәлекенов. – Орта ғасырларда жазылған ғылыми еңбектерде, соның ішінде М.Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінде де атақты қаланың осы жерде екені ашық жазылған. Түркеш (Сарыүйсін) мемлекетінің хақаны (ханы) Шу алдымен Шу қаласын салдырып, оның қасына астана

ретінде Баласағұнның іргетасын қалаған. Сарайының алдында қарауындағы бектердің құрметіне сәскеде 360 рет барабан соқтырып тұрған. Сол кездегі теңге де тарихтың бір парағын ашты. Сонымен қатар Қашқари көрсеткен жер атаулары дәл осы қала төңірегінен табылып, жан-жақты зерттелді. Ал оларды қырғыз жерінен табу екіталай және айырқалпақты ағайындардың бұған таласуына ешқандай негіз жоқ.

Сонымен, Баласағұн қаласы ғылыми тұрғыдан дәлелденді: Біздің қолымыздағы ғылыми деректер, жәдігерлер, құнды заттар, бағалы суреттер ешкімнің күмәнін туғызбайды. Осы туралы мәліметтерді алға тартатын «V – XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты монографиялық еңбек – түркі тілдес, оның ішінде қазақ халқының тарихына қосылған сүбелі үлес. Баласағұн – әлем түріктеріне ортақ қала. Сол себепті оның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына тікелей қатысы бар.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын талқылаған кезде депутат, белгілі жазушы Шерхан Мұртаза «Ақтөбе» (Баласағұн) ескерткішінің ғылыми тұрғыдан құнды тарихи орын екенін нақты деректермен дәлелдеп, оны 2003 – 2006 жылдарға арналған бағдарламаға енгізу қажеттігін айтқан еді. Бұл тапсырма кейін аяқсыз қалғанымен, 2007 – 2009 жылдарға арналған бағдарламаға кіргізілді. Енді Баласағұнды археологиялық жағынан зерттеудің екінші кезеңі тезірек басталады деген үміттеміз, – дейді тарихымызды түгендеп жүрген, көрнекті ғалым Уахит аға.

Ендігі мәселе алып қаланың келешегі туралы болып отыр. Ғалымның айтуынша, тарихи орынның бергенінен беретіні мол. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген қала Алматы – Шымкент тас жолының бойында орналасқандықтан, оны туристік орталыққа айналдырудың

пайдасы ұшан-теңіз. Екіншіден, археологиялық зерттеулерді кешенді түрде жүргізу қажет. Қазба жұмыстары кезінде ашылған орындарды сақтау және оларды қалпына келтіріп, ғылыми-мәдени орталыққа айналдырған жөн. Осы арқылы ғана Баласағұн қаласы республикалық маңызға ие болады, халықаралық ұйымдардың назарын аударады.

Әл – Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің профессоры Уахит Шәлекеновтің басшылығымен ашылған жаңалыққа қазақ қайран қалып, көршілеріміз қызығатын тірлік болды. «Енді тарихи орынды Елбасына да ұялмай көрсете аламыз» – деп, қуанышын жасыра алмаған Уахит Хамзаұлының ендігі бар тілегі – түркілердің тарихын толықтырған қаланы көркейту.

Жолдасбек Дуанабай

(материал <http://www.aikyn.kz> көзінен алынды).

Әдебиеттер тізімі:

1. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
2. Dilacar A. Kutadgu bilig incelemesi. – Ankara, 1972. – S. 23.
3. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.
4. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.
5. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
6. Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание», в книге Ю.Баласагунский «Благодатное знание/Изд. подг. [и с караханид-уйгур.пер.] С.Н.Иванов . – М.: Наука, 1983. – С.495-517.
7. Егеубаев А. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді // Баласағұн Ж. Құтадғу біліг. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б.7-8.
8. Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласагуни. - дисс. ... докт.пед.наук. – Алматы, 2004. – 272 с.
9. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. - пед.ғыл.канд. ...дисс.– Алматы, 2003.– 152 б.
10. Төребаев О.А. Ж.Баласағұнның әлеуметтік философиясы. – философ. ғыл.канд....автореп. - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚҰУ, 2002. - 30 б.

11. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (с древнейших времен по XII в.). – Алматы: ИРК, 1997. – 132 с.
12. Қасымжанов А.Х. Ұлы дала зиялылары. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 157 б.
13. Амирханов Р.М. Тюрко-татарская философская мысль средневековья (XIII-XVI вв.). – Казань: Изд.-во «Мастер-Лайн», 2001. – 262 с.
14. Шадинова Г. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасындағы әлем үлгісінің ерекшеліктері. – Изденіс - №2. – 2005. – Б.219-222.
15. Ибраева К.Ж. X-XIV ғғ. Қазақстандағы тәлімдік ой-пікірлердің қалыптасуы мен дамуы. - пед.ғыл.докт. ...дисс.– Алматы, 2005. – 280 б.
16. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
17. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. - А.Қ.Құсайынов. - Алматы: Мектеп, 2002.- 256 б.
18. Көшербаева А.Н. Тарихи-салыстырмалы педагогикадағы Жүсіп Баласағұнның ізгілік идеялары. – Білім. – 2006. - №5. – Б. 52-554.
19. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
20. Жамирова У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері. - пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф.– Алматы, 2007. – 28 б.
21. Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.

22. Кайкаус. Қабуснама / Өзб. ауд. Т. Айнабеков.- Алматы: Балауса, 1992.- 160 б.
23. Раджабов М. Формирование нравственных качеств личности в «Шахнаме» Фирдоуси. - дисс.... канд.пед.наук. – Душанбе, 2004. – 178 с.
24. Қалиев С. Көне жазба мұралар тағылымы (IX ғ.-XIV ғ. аралығы). – Ұлағат. – 2005. - №2. – Б.43-54.
25. Нарынбаев А.И. «Благодатное знание» Юсуфа Баласағуни. - Газета «Содружество». - № 13-14, февраль 2004 г.
26. Рыскиева А. Қазақ филологиясындағы танымдық ойлар // Восток-Запад: диалог культур. Материалы III Межд. симпозиума. Алматы, КазГУ им. Аль-Фараби, 25-27 октября, 2001 г., Часть II. Алматы, 2001, 301 с.
27. Табылдиев Ә. Тағылым. – Алматы: Рауан, 1995. – 238 б.
28. Арғымбаев Д. Жүсіп Баласағұн құқықтық мемлекет туралы. – Саясат. - №2. – 2006. – Б.23-25.
29. Иванова Л.Ф. Гуманистическая народная педагогика как основа художественно-дидактических произведений тюрко-татарских мыслителей средневековья. - дисс. ... канд.пед.наук. – Казань, 2003. – 199 с.
30. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. - 2005.
31. Әліпхан М. Ж.Баласағұн мен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесі: филология.ғыл.канд....дисс. автореф. – Алматы, 1998.

Мазмұны

Кіріспе	3
Тақырып 1. Кемеңгер ойшыл Ж.Баласағұнидің өмірі мен оның Отаны - Баласағұн қаласы туралы	5
Тақырып 2. Ж.Баласағұнидің атақты еңбегі – «Құтты білік» дастаны	10
Тақырып 3. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» еңбегі - қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі	18
Тақырып 4. Ж.Баласағұни тәрбие мақсаты туралы	24
Тақырып 5. Ж.Баласағұни еңбегіндегі негізгі педагогикалық ұғымдар және ізгілендіру мәселесі	30
Тақырып 6. Ж.Баласағұни дидактикасы	43
Тақырып 7. Ж.Баласағұнидің тәрбие теориясы	53
Тақырып 8 Ж.Баласағұни мен А.Құнанбаевтың педагогикалық идеяларының сабақтастығы	71
Тест сұрақтары. Кемеңгер ұстаз, данышпан ғалым Жүсіп Баласағұни туралы не білесіз?	84
Реферат тақырыптары	90
Шығармашылық тапсырмалар	92
Қосымша материалдар	94
Әдебиеттер тізімі	120